# SARYARQA

17 sáýir 2020 jyl

Saryarqa.info

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№14 (8178)



KÚN TÁRTIBI — ЕШКІМ ҚОЛДАУСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ — 3-бет

QOǴAM — БАСТЫ ҰРАН – ЕЛ БІРЛІГІ — 4-бет

ZERDE — ҰМЫТЫЛҒАН МЕКТЕПТІҢ СОҢҒЫ ШӘКІРТІ — 5-бет

ÁLEÝMET — 24 СӘУІР – РАМАЗАН АЙЫНЫҢ БІРІНШІ КҮНІ — 6-бет





## КАРАНТИН РЕЖИМІ КҮШЕЙТІЛЕДІ

**Жезқазған қаласының полиция басқармасы бастығының бірінші орынбасары Аманжол Кәрімов БАҚ өкілдерінің қатысуымен брифинг өткізіп, Қарағанды облысы бойынша енгізілген төтенше жағдайға байланысты бірқатар сауалдарға жауап берді.**




– Коронавирус инфекциясының таралуына байланысты еліміздің ірі қалаларында 16 наурыздан бастап төтенше жағдай енгізілді. Ал, Қарағанды облысы болса 1 сәуірден бастап карантиндік аймаққа жатқызылды. Бүгінгі күнге дейін Жезқазған қаласында COVID-19 дертіне шалдыққандар тіркелген жоқ. Десек те, аурудың алдын алу мақсатында арнайы әкімшілік шаралар қолданылуда. Оларға кеңінен тоқталар болсақ, қаладағы азық-түлік дүкендері, дәріханалардан бөлек адам қарасы көп шоғырланатын барлық ғимараттар, халыққа қызмет көрсету орталығы, сауда орындары, ойын-сауық орындары уақытша қызметін тоқтатты. Қала ішінде де тұрғындардың бейберекет қозғалысына тыйым салынды. Жұмысқа және азық-түлік дүкеніне, дәріханаға, сондай-ақ, емдеу орталықтарына баруға ғана рұқсат етіледі. Тамақтану орындары тек жеткізіп беру арқылы түнгі сағат 22.00-ге дейін ғана жұмыс жасайды. Сондай-ақ, кәмелетке толмаған балаларға ата-анасының қарауынсыз көшеде жүруге тыйым салынды. Жеке тұлғалардың көлікпен бейсауыт жүруіне де болмайды. Такси жүргізушілеріне де қойылатын арнайы талаптар бар. Мысалы, такси жүргізушілері автокөлік салонына бір жолаушыдан артық алмауы тиіс және жолаушы көліктің артқы орындықтарында отыруы керек. Тек отбасы мүшелері ғана таксиге бірге міне алады. Такси жүргізушісі маска тағып, қолғап киіп отыруға және өзімен бірге антисептик алып жүруге міндетті. Арнайы құрылған мобильді топ халықты құлақтандырып, сақтық шараларымен таныстыруда. Одан бөлек, карантин тәртібінен хабар беретін дыбыстық роликтер қала көшелерінде қосылып тұр. Әлеуметтік желілерге де түсіндіру жұмыстары қарқын алды, – деді өз сөзінде Аманжол Бақытжанұлы.

Қаламызға төтенше жағдай енгізілгеннен бері 57 заң бұзушылық тіркеліп, хаттама толтырылған. Олардың ішінде көшеде бейсауыт жүрген тұрғындармен қатар, ережеге бағынбай сауда орталықтарының жұмысын жалғастырған, белгіленген уақыттан артық жұмыс істеген тамақтану орындары, негізгі санитарлық тәртіпті сақтамаған азық-түлік дүкендерінің қызметкерлері де бар. Шектеу барын біле тұра, ескертуден кейін тәртіп бұзған тұлғаларға 10 АЕК көлемінде айыппұл салынып, 5-тен 15 тәулікке дейін әкімшілік қамауға алу жазасы қолданылатын болады. Адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін өрескел қателіктерге жол беріп, заңды белшесінен басқан азаматтардың үстінен қылмыстық іс қозғалып, ісі сотқа жолданады.

Бүгінгі таңда Жезқазған қаласы бойынша 3 блок-бекет жұмыс істеуде. Ол бекеттерде ереже бұзған жүргізушілер тіркелмеген. Қалаға сырттан, соның ішінде, ауру ошағы өршіп тұрған Қызылорда, Қарағанды сынды өңірлерден келетін жезқазғандық тұрғындар санитарлық дәрігер тексерісінен өтіп, мамандар шешімінен 14 күндік карантинге жатқызылатын болады.

Тағы да айта кетер басты жайттардың бірі – Жезқазған қаласына **18 сәуірде сағат 00.00-ден** бастап аймақтық жедел штабтың шешімімен күшейтілген режимдегі карантин енгізіледі. Осыған орай, Сәтбаев қаласымен арадағы көлік байланысы тоқтатылып, қала ішінде тұрғындар қозғалысына шектеу қойылады.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

100 ЖАҢА ОҚУЛЫҚ

## АЛТЫН ҚОРҒА АЙНАЛАДЫ

**Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында елімізге инженерлер мен дәрігерлердің ғана емес, қазіргі заманды және болашақты терең түсінетін білікті гуманитарлық сала мамандарының да ауадай қажет екенін айтты. Тарих пен саясаттану, әлеуметтану, философия, психология, педагогика, экономика, мәдениеттану және филология ғылымдары бойынша студенттерге заманауи білім беруге қажетті жағдай жасауды тапсырды. Осы міндетті іске асыру мақсатында «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы қолға алынды.**




Аталған жоба аясында алдағы бірнеше жылда гуманитарлық білімнің барлық бағыты бойынша дүние жүзіндегі ең беделді университеттердің оқулықтары шет тілдерінен қазақшаға аударылып, студенттерімізге әлемдегі үздік ЖОО-ның таңдаулы үлгілерімен білім алуға мүмкіндік туды. Қазірдің өзінде 42 кітап «қазақша сөйлеп тұр», қалаған адам оқулықтарды kitap.kz электронды ашық кітапханасынан тауып, оқи алады. Аударылған кітаптар бизнес, менеджмент, дипломатия, философия, халықаралық құқық, маркетинг, әдебиет, тіл, өнер, педагогика, психология, әлеуметтану, медиа, экономика, тарих, дін, философия әлемін қамтиды. Оқулықтар республика бойынша 130 ЖОО-на таратылды.

Осы бір үлкен істі ұйымдастырып отырған үкіметтік және коммерциялық емес «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қорының өкілдері аударылатын кітаптарды таңдау үшін еліміздегі барлық оқу орындарынан ұсыныс жиналып, жалпы саны 800-ден аса оқулық атауы келіп түскенін мәлімдеді. Жинақталған тізімдердің негізінде бірнеше рет басылған, соңғы басылымы кейінгі 3 жылда шыққан, мазмұндық тұрғыдан бейтарап болуы қажет деген талаптарға сүйене отырып, 2017 жылға 18 оқулық таңдалды. Жоспарға сай, бұл оқу құралдары қазақ тіліне аударылып, ЖОО-на тегін жеткізілді. Жаңа оқулықтар 2018-2019 оқу жылынан бастап жоғары білім беру жүйесіне енгізілді.

Дәл осы 2018 жылдың алғашқы жартыжылдығында өткен 18 оқулықтың таныстырылымына Елбасы Н.Назарбаев арнайы қатысқан болатын. Сондағы сөзінде Н.Назарбаев:

– Жастарымыз жоғары ғылыми стандарттарға сәйкес білім алуға тиіс. Сондықтан біз 800 кітаптан тұратын үздік оқулықтардың ауқымды тізімін әзірледік. Ұлттық аударма бюросы құрылып, жұмысына кірісті. Бүгінгі алғашқы зияткерлік транш АҚШ, Ресей, Ұлыбритания, Франция және Швейцария сияқты алдыңғы қатарлы елдердің ең үздік ғылыми еңбектерін қамтиды. Жаңа оқулықтар – эксклюзивті гуманитарлық кітапхана. Бұл оқулықтар көпшілік үшін кітап түрінде, электронды онлайн нұсқасында және үздік лекторлардың ашық дәрістерінің видеотекасы сияқты үш форматта қолжетімді болмақ. Кітаптар латын қарпінде басып шығарылғаннан кейін, оларды шетелде тұратын жастарымыз да оқи алады, – деді. Сондай-ақ, осы отырыста Елбасы Үкімет пен Ұлттық аударма бюросына аталған жобаны одан әрі жетілдіріп, жоспарға сай жүйелі және жемісті жүзеге асыруға тапсырма берген болатын.

Қазіргі таңда 26 кітап аударылып жатыр. Олардың қатарында кино, эстетика, заң, антропология, этнология, экономика, музыка, қаржы, театр, статистика, саясаттану, медиа саласына қатысты таңдаулы оқулықтар бар. Іріктелген оқу құралдарын қазақ тіліне аударуға Қазақстанның алдыңғы қатарлы оқу орындарының оқытушылары, білікті аудармашылар мен редакторлар, жалпы саны 300-ге жуық маман қатысуда. Мәтіндер әдеби және ғылыми редакциялаудан өтеді. Мұндай ауқымды ғылыми аударма жобасының Қазақстанда бұрын-соңды іске аспағанын ескерсек, 100 оқулықтың гуманитарлық сала мамандары үшін алтын қор болатыны ақиқат.

**«Saryarqa-ақпарат»**




МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

## ФЕРМЕРЛЕРДІ ҚОЛДАУ – ЕРЕКШЕ БАСЫМДЫҚ

**Өңірде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін барлық жағдай жасалады. Бұл туралы Қарағанды облысының әкімі Жеңіс Қасымбек Фейсбук әлеуметтік желісіндегі парақшасында жазды.**



«Осы көктемде ауыл шаруашылығын қолдау мен дамытудың, Тұрақтандыру қорын сапалы жергілікті өнімдермен уақытылы толықтырудың қаншалықты маңызды екендігіне тағы бір көз жеткіздік», – деді Жеңіс Махмұтұлы өз парақшасында.

Оның айтуынша, қазіргі кезде облыс басшылығының алдында азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін азық-түлік өндірісін арттыру міндеті тұр.

«Сондықтан біздің фермерлерді қолдау қазір ерекше басымдық болып табылады», – дейді облыс әкімі.

Жеңіс Қасымбек жазғандай, қазір облыста егін егуге дайындық қызу жүріп жатыр. Биыл 900 мың гектардан астам жерге дән себіледі. Картоп пен көкөністер отырғызу көлемі артады. Фермерлер жоғары сапалы тұқымдармен қамтамасыз етілген, тыңайтқыштар мәселесі шешілуде.

«Егіс алқаптарына 12 мың трактор, 193 егін егу кешені, 6 мыңнан астам тұқым сепкіш түседі. Карантин кезеңінде жұмыс ағымдары «бір фермер – бір машина – бір адам» сызбасы бойынша оңтайландырылады. 19 мың тонна арзандатылған жанармай қарастырылған. Ауылшаруашылық техникаларына қосалқы бөлшектерді сатып алу үшін Қарағандыдан жеткізу қызметтері жұмыс істейді. Өткізу бекеттері арқылы фермерлерге кедергісіз қол жеткізіледі» деп жазды Жеңіс Қасымбек.

Сондай-ақ, әкімнің айтуынша, аграрлық несие корпорациясы арқылы егін егу жұмыстарына жылдық 5% -бен 2,5 млрд. теңге бөлінді. Оның 2,2 млрд. теңгесі игерілген. «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Қарағанды облысындағы филиалы әдеттегідей режимде жұмыс істейді.

«Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы бойынша фермерлерге қолдау жасалады. Онда ставка деңгейі 6%-дан аспайтын несиелер қарастырылған.

«Барлық туындаған мәселелерді жедел шешу үшін менің орынбасарым Серік Шайдаров басқаратын көктемгі дала жұмыстарына арналған өңірлік штаб құрылды. Штаб құрамына фермерлер мен аудан әкімдерінің ауыл шаруашылық мәселелері жөніндегі орынбасарлары кірді» деп жазды облыс әкімі.

Көктемгі дала жұмыстарын өткізу жөніндегі өңірлік штабтың жедел желісі:

**(87212) 560-999, 301-041, 565-948.**

SARYARQA-АҚПАРАТ

## *Нұрлан НЫҒМАТУЛИН:* ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙДА БИЗНЕСКЕ АУЫРТПАЛЫҚ ЖҮКТЕМЕУ КЕРЕК

**Парламент Мәжілісінің Төрағасы Нұрлан Нығматулин ЕАЭО кедендік аумағында отандық бизнестің мүддесіне ерекше маңыз беру керектігін айтты.**

Айта кетсек, Үкімет басшысының орынбасары – Қаржы министрі Әлихан Смайылов Парламент Мәжілісіне ЕАЭО кедендік аумағына әкелінген тауарларды қадағалау тетігі бойынша келісімді ратификациялау туралы заң жобасын енгізген болатын.

Әлихан Смайылов айтып өткендей, келісімге 2019 жылы 29 мамырда Нұр-Сұлтандағы Жоғарғы Еуразиялық экономикалық кеңес отырысында ЕАЭО мүше мемлекеттер басшылары қол қойған. Заң аясында ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер импорттық тауарларды бақылайтын Ұлттық қадағалау жүйесін құрады.

Аталмыш заң жобасын енгізерге Парламент Мәжілісінің Төрағасы Нұрлан Нығматулин Әлихан Смайылов бір мәселеге назар аудару қажет екенін айтты.

– Бұл жұмыс, әрине, керек. Бірақ ең маңызды мәселе – бизнеске ауыртпалық салмау керек. Әсіресе, қазіргі жағдайда. Жалпы шағын және орта бизнестің жағдайын жақсы білесіз. Сондықтан мына заң жобасын енгізген кезде ең алдымен – бизнеске ауыртпалық жүктемеу мәселесін ұмыт қалдырмаған абзал. Осыны ескеруіміз керек, – деді Нұрлан Нығматулин Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында.

## КӘСІПКЕРЛЕРДІ ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН НЕСИЕМЕН ҚАРЖЫЛАНДЫРУҒА 36 МЛРД ТЕҢГЕ БӨЛІНЕДІ

**Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры («ҚазАгро» холдингінің еншілес компаниясы) «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы аясында кәсіпкерлерге жеңілдетілген шағын несие беруге 36 млрд теңге бөледі.**

Нәтижелі жұмыспен қамту бағдарламасы бойынша түрлі мақсаттағы несиенің жылдық сыйақы мөлшері 6 пайызды құрайды. Сондай-ақ, тиімді жылдық сыйақы мөлшері 6,7 пайыздан аспайды.

Несиенің сомасы, жеңілдік мерзімі несие өніміне байланысты әртүрлі болады. Қордың несиелеу шартында аграрийлер қызметінің ерекшелігі, оның ішінде ауыл шаруашылығы жұмыстарының маусымдылығы мен циклділігі ескерілген. Бағдарламаға ауыл шаруашылығымен және ауыл шаруашылығына жатпайтын кәсіп түрлерімен айналысқысы келетіндер, кәсібін кеңейтуді жоспарлаған азаматтар қатыса алады.

Несие алушыларға қойылатын бірқатар талаптар бар. Атап айтқанда, кәсібін енді бастайтын азаматтың кәсіпкерлік негіздерін оқығаны туралы сертификаты болуы тиіс.

«Туындаған сұрақтар бойынша облыстардағы филиал менеджерлеріне хабарласуға болады. Қосымша Кәсіпкерлер палатасының аудандық филиалдарынан да кеңес ала аласыздар», – делінген аталған қордың мәліметінде.

«Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ – «ҚазАгро» Ұлттық басқарушы холдингінің құрамына кіретін мамандандырылған қаржы-несиелік ұйым. Қордың негізгі міндеті – агроөнеркәсіп кешені саласындағы басымдыққа ие салалар бойынша ауыл кәсіпкерлігін қаржыландыру.

Қор 2013 жылдан бері шағын кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған бірқатар мемлекеттік бағдарламаның қаржы операторы ретінде жұмыс істеп келеді. Компания 2017 жылдан бері 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасының екінші бағытын іске асыруда.

## 1,3 МИЛЛИОННАН АСТАМ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТЫҢ ҚАРЫЗЫН ТӨЛЕУ МЕРЗІМІ ШЕГЕРІЛДІ

**1,3 миллионнан астам қарыз алушы қарыздары бойынша төлем мерзімі кейінге қалдырылды. Бұл туралы Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінен мәлім болды.**

«ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі халыққа және бизнеске қолдау көрсету жөніндегі шаралардың орындалуын мониторингтеуді жалғастыруда. 2020 жылғы 14 сәуірдегі жағдай бойынша екінші деңгейдегі банктерге және өзге кредиттік ұйымдарға қарыздар мен микрокредиттер бойынша төлемдерді тоқтата тұруға 1 518 071 өтінім келіп түсті. Оның ішінде 1 505 960 жеке тұлға банк қарызының төлемдері бойынша төлем мерзімін кейінге қалдыруға өтінім берді. Сонымен бірге, 12 111 шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі кредиттік ұйымдарға төтенше жағдай кезеңінде кредиттер бойынша мерзімін кейінге қалдыруға өтініш берді. Төлемдерді тоқтата тұруға мақұлдауды 1 350 529 қарыз алушы алды, оның ішінде 1 340 707 – жеке тұлға, дара кәсіпкерлерді қоса алғанда 9 822 ШОБ субъектісі. Қалған өтінімдер қаралып жатыр және 10 жұмыс күнінің ішінде олар бойынша тиісті шешімдер қабылданатын болады», – делінген агенттік хабарламасында.

Бұдан бөлек, алынған деректерге сәйкес, 14 сәуірдегі жағдай бойынша 12 екінші деңгейдегі банкке шағын және орта бизнес субъектілерінен, сондай-ақ дара кәсіпкерлерден 167 231 млн теңге сомаға 634 өтінім түсті, оның ішінде 32 632 млн теңге сомаға 56 қарыз мақұлданды.

## БИЫЛ 928 ЕЛДІ МЕКЕН 3G және 4G ИНТЕРНЕТ ЖЕЛІЛЕРІМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛЕДІ

**Биыл 928 елді-мекен 3G және 4G Интернет желілерімен қамтамасыз етіледі. Бұл туралы Орталық комуникациялар қызметіндегі брифингіде ҚР Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрі Дарын Тұяқов атты.**

– Қазіргі әлемде адамдар негізінен мобильді құрылғыларды пайдаланады және осы сәтте Қазақстанда 34 миллионға жуық мобильді құрылғы тіркелген. Оның ішінде Интернетке қосылған смартфондарды белсенді пайдаланатын 14,9 млн ұялы байланыс құрылғысын пайдаланатын абоненттік белсенді пайдаланушы бар. Олар цифрлық әлемде тұрып жатыр. Осыған байланысты министрлік әкімдіктермен бірге 13 ақпан күні меморандумға, одан кейін әкімдіктер келіскен жоспар кестеге қол қойды. Аталған жоспар кестеде ауылдық жерлерде мобильді Интернетті дамыту жұмыстары белгіленген, – деді вице-министр.

Оның атап өтуінше, осы жылдың соңына дейін 250-ден астам тұрғыны бар 928 елді-мекен жылдамдығы жоғары 3G және 4G Интернет желілерімен қамтамасыз етіледі.

– Сонымен қатар Қазақстан қосылу жылдамдығы 100 мБит/секундпен Интернет қызметіне арналған ең төменгі тариф бойынша әлемнің 5 елінің қатарына кіретіндігін атап өткен орынды, – деді Дарын Тұяқов.

ДӘРІГЕР КЕҢЕСІ

## КАРАНТИН КЕЗІНДЕ ДӘРУМЕН ЖЕТІСПЕУШІЛІГІНЕ ҰШЫРАМАУДЫҢ АМАЛДАРЫ ҚАНДАЙ?

**Карантин кезінде дәрумен жетіспеушілігінің орнын қалай толтыруға болады? Аурудың алдын алу үшін күніне қанша көкөніс жеп, қандай талаптарды орындауымыз керек? Артық салмақ жинап алмаудың амалдары мен зімбірдің пайдасы мен зияны туралы ҚР Президенті Іс Басқармасы Медициналық орталығы ауруханасының дәрігер-әдіскері Гүлнар ТҰРДЫНОВА ҚазАқпарат тілшісіне айтып берді.**



***Көкөністі қалай таңдау керек?***

**– Гүлнар Қалимұратқызы, карантин уақыты көктем мезгілімен тұспа-тұс келіп отыр. Бұл кезеңде адам ағзасында дәрумен жетіспеушілігі болады. Осы уақытта қалай тамақтану керек?**

– Бұл мезгілде дәрумендерге бай көкөністер мен жемістер аз болады. Оның үстіне карантинге байланысты таңдау мүмкіндігі көп сауда орындарына да жиі бара алмаймыз. Сол себепті ағзамыз дәрумен жетіспеушілігіне ұшырауы әбден мүмкін. Дегенмен, сауда орындарында сақтау мерзімі ұзаққа созылатын жеміс-жидектер бар. Оның ішінде алма, алмұрт және цитрус өнімдері. Дүкенге барғанда осыларды молынан алып, үйге алып келген соң ұсақтап турап, мұздатып қоюға болады. Мұздатылған жеміс-жидектерді йогурт, сүзбе, ботқа, коктейль, смузиге қосуға болады. Егер мұздатылған жемістерді дүкеннен барып алатын болсаңыз – қаптамасының тұтастығына, жарамдылық мерзіміне назар аудару қажет. Жидектердің бір-біріне жабысып қалмағанына, езілмегеніне көз жеткізу маңызды. Қаптаманың ішінде мұз болмауы керек. Негізінде дұрыс мұздатылған жеміс-жидектің құндылығы мен пайдасы жаңадан дайындалған тағаммен салыстырғанда көп айырмашылығы жоқ.

Көкөністерге келетін болсақ, бәріміздің үйімізде ұзақ сақталатын қызылша, сәбіз, орамжапырақ бар деп ойлаймын. Оларды шикілей күйде турап, өсімдік майын қосып жеу – адам ағзасына өте пайдалы.

Пайдалы өнімдер ішінде кептірілген жемістер туралы да ұмытпау керек, оларды тамақтану арасында жеген дұрыс.

**– Күніне кем дегенде қанша жеміс-жидек жеу керек?**

– Ересек адам күніне кем дегенде 500 грамм жеміс, көкөніс тұтынуы керек. Көбі жарты келі жеміс, көкөніс жеу көп деп ойлайды, бірақ олай емес. Оны күніне беске бөліп жейсіз. Мысалы, түскі және кешкі аста көкөністі салат түрінде жесеңіз, одан бөлек тамақ ішу арасында 2-3 жеміс жеу керек.

Қыс пен көктемде ағзаны дәруменмен толық қамту қиын, сондықтан қосымша дәрумендi-минералды кешендерді тұтынған дұрыс. Олар биологиялық белсенді қоспалар түрінде болады.

***Сақтық шараларын қалай жасау керек?***

**– Қазіргі уақытта коронавирустан сақтану үшін қолды қалай жуып, киімді қалай тазалау керек деген ақпарат көп. Осы орайда сатып алған азық-түлікті үйге әкелген соң қалай тазалау керектігі туралы кеңес айта аласыз ба?**

– Тағам, азық-түлік арқылы коронавирус жұқпайды. Азық-түлік қаптамалары арқылы үйге қоздырғыш алып келуі де екіталай, бірақ сақтықта қорлық жоқ. Сондықтан ас үйіңізде «таза» және «лас аймақ» ұйымдастырған дұрыс болады. Азық-түлікті үйге кіргізген кезде бірден ыдыс жуатын жердегі «лас аймаққа» түсіру керек. Ішін босатқаннан кейін қаптамаларды бірден қоқысқа тастау қажет. Одан кейін қолымызды жақсылап жуып, сырты шыны, пластик ыдыстарды жуып-сүртіп, тиісті жеріне қою қажет. Сусымалы өнімдердің, макарон, күріш, қарақұмықтың тағы да басқалардың сыртқы қаптамасын сүртіп алып, үйдегі арнайы ыдысдарға салып, қаптамаларын қоқысқа тастау керек. Ең соңында ыдыс жуатын жерді дұрыстап жуып, тазалап алу қажет.

**– Тамақ дайындаған кезде де қолдануға болатын қандай сақтық шаралары бар?**

– Тамақ дайындау қауіпсіздігінің жалпы бес ережесі бар. Біріншіден, қолымыз, ас үй құралдары таза болуы керек.

Екіншіден, ет, жұмыртқа, балық, құс сияқты шикі өнімдерді дайын өнімдерден бөлек сақтау керек. Мысалы, нан кесуге арналған пышақ пен тақтайшаны ет кесуге қолданбаған дұрыс, өйткені шикі өнімдерде әр түрлі микробтар болады, олар термиялық өңдеуден өткен соң ғана қауіпсіз болады.

Үшіншіден, термиялық өңдеуді мұқият жүргізу. Етті әбден пісіріп алу керек. Шала піскен тағам адам ағзасына қауіпті.

Төртіншіден, тамақты қауіпсіз температурада сақтау керек. Тоңазытқыштағы температура 5 градустан төмен болуы керек, ал ыстық тамақтың температурасы алпыстан төмен болмауы қажет. Ыстық тамақты



ішіп болғаннан кейін суытып, бірден тоңазытқышқа салу керек. Оны бөлме температурасында сақтауға болмайды.

Бесіншіден, тамақты дайындайтын және ішетін суымыз таза болуы керек.

***Зімбірді қандай жағдайда тұтынуға болмайды?***

**– Коронавирусты емдеу қасиеті бар деген ақпаратты естіген адамдар сарымсақ, пияз, зімбірді көптеп сатып алуда. Тіпті, бұрын ешкім ала бермейтін зімбірдің бағасы шарықтап кетті. Оларды шамадан тыс қолданудың адам ағзасына зияны бар ма?**

– Әлеуметтік желіде сарымсақ, пияз, зімбір коронавирустан емдейтіні туралы жалған ақпарат тарап кеткен. Оның рас-өтірігіне көз жеткізбестен сеніп жүргендер көп. Бұлардың ағзаға пайдасы зор, иммунитетті нығайтуға көмектеседі, бірақ ол үшін не артық, не кем емес – орнымен қолдана білуіміз керек. Кез келген пайдалы өнімді шамадан тыс қолдансақ – пайдасынан гөрі зияны көп болады. Мысалы, зімбірге қатысты бірқатар қарсы көрсетілім бар. Аллергиясы, асқазанның созылмалы аурулары бар, қан қысымын төмендететін дәрі-дәрмек ішіп жүрген, қант диабеті бар адамға зімбір зиян.. Жүктіліктің кеш кезеңінде және сәбиін емізіп жүрген уақытта зімбірді мүлде қолдануға болмайды. Өтінде, бауырында тасы бар адамдарға пияз, сарымсақты шамадан тыс пайдалануға болмайды. Қан қысымы төмен, көз аурулары бар адамдарға сарымсақты көп жеуге кеңес бермейміз. Ал қарсы көрсетілім болмаса, зімбірді шайға, немесе асқа дәмдеуіш ретінде қосып тұтынуға болады.

***ТӘТТІНІ НЕМЕН АЛМАСТЫРУҒА БОЛАДЫ?***

**– Карантин кезінде көбіміз үйде қозғалыссыз отырмыз. Бойымыздағы күш-қуат ешқайда жұмсалып жатқан жоқ. Осындай кезде қалай артық салмақтың алдын алуға болады?**

– Дұрыс тамақтану – жұқпалы аурумен күресуде, оның алдын алуда ең маңызды фактордың бірі. Карантин жағдайына байланысты адамдардың таңдау мүмкіндігі азайған соң қайта өңделген тағамдарды тұтыну артуда. Бұл өнімдерге әдетте май, қант, тұз көп қосылады. Өңделген тағамдарда дәмдеуіш, хош иіс беруші сияқты жасанды қоспалар көп болады. Бұл қоспалар адамның тәбетін аша түсіп, көп жеп қоюымызға себеп болады. Қайта өңделген тағамды таңдаған кезде қаптамасындағы зат белгісіне назар аудару керек. Құрамында қоспалар мол болса – денсаулыққа зияны да соғұрлым көп болады.

Ең дұрысы – керекті азық-түлікті алып, дәмді және пайдалы тамақты өзіміз үйде дайындау. Тамақ пісірген кезде тұзды барынша аз салу керек. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының тұжырымдамасында күніне қолданылатын тұз мөлшері 5 грамнан аспау керек деп жазылған. 5 грамм тұздың мөлшері – бір шай қасықтан кем. Ал, қазақстандықтар күніне 15-17 грамм мөлшерінде тұз тұтынады екені анықталған. Демек, біз тұзды 3-4 есе көп саламыз. Жалпы дені сау адам күн сайын ары кетсе 5 грамм тұзды ғана зәрі арқылы сыртқа шығара алады. Қалған тұз ағзамызда жиналып, зиян тигізеді. Жас кезде білінбегенмен, қартайған шақта оның зардабын тартамыз. Тамақтың дәмін келтіру үшін аскөк, сарымсақ, бұрыш қосуға болады. Тамақ дайындаған кезде майды аз қолдану керек. Мысалы, буға немесе суға пісіру, пеште/тандырда дайындау, бұқтыру тәсілдері бар. Майды неғұрлым көп қолдансақ соғұрлым көп калория жинаймыз. Көп қозғалмаған жағдайда ол калория майға айналып артық салмаққа әкеліп соғады. Сонымен қатар еттің көзге көрінетін майын, құс етінің терісін алып тастау керек. Сондай-ақ, тоң май, маргарин сияқты зиянды майлардан бас тартқан жөн. Ағзаға керек майды балықтан, жаңғақтан, күнбағыстан және басқа да өсімдіктерден алуға болады. Жоғары сұрыпты ұннан жасалған тағамдар, кондитерлік өнімдерді, тәтті жеуді азайту керек. Оның құрамында калория өте көп, ал дәрумен, минералды заттар аз.

**– Тәттіге құмар адам оны немен алмастыра алады?**

– Тәтті жемесе тұра алмайтын адамдар бар. Оларға тәтті жеміс-жидектерді кептірілген, тоңазытылған түрінде де жеуге болады. Сонымен қатар қара шоколадты күніне 30-50 грамм жесе – ағзаға зиян емес, тіпті пайдасы да тиеді деп айта аламын. Артық салмаққа жол бермес үшін тағам талшықтарын жеткілікті қолдану керек. Оны тұтынған жағдайда адам өзін тойып жүргендей сезінеді, яғни тойымдық сезім ұзақ уақыт сақталады. Құрамында тағам талшықтары көп өнімдерге көкөністер, бұршақ, дәнді дақылдар жатады. Сондай-ақ, күніне 1,5-2 литр су ішуді әдетке айналдыру керек. Таңертең тұрған кезде аш қарынға 1 стақан, тамақ ішер алдында 30-40 минут бұрын 1 стақан және душқа түсер алдында 1 стақан, ұйықтар алдында 1 стақан су ішу қажет. Тәтті сусындардың құрамында қант көп, ол – артық калория, сондықтан оны да таза сумен алмастыру қажет. Су – ең пайдалы және арзан сусын. Құр су ішу ұнамаса – бал немесе мұздатып қойған жеміс-жидектерді қосуға болады. Дұрыс тамақтанумен қатар физикалық жаттығу жасауды ұмытпау керек. Күнделікті 30 минут дене жаттығуын жасаудың пайдасы зор болады. Егер бірден жарты сағат жаттығу жасау қиын болса, таңертең, түсте, кешке 10 минуттан бөліп тастауға болады.

**– Сұхбат бергеніңізге рахмет!**

## ДДҰ өкілі: ҚАЗАҚСТАННЫҢ КОРОНАВИРУСПЕН ТИІМДІ КҮРЕСУГЕ ӘЛЕУЕТІ ЖЕТКІЛІКТІ



**Дер кезінде қабылданған карантиндік шаралар Қазақстанға коронавирустың таралу қарқынын төмендетуге мүмкіндік берді. Мұндай пікірді Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Ресейдегі өкілі Мелита Вуйнович білдірді.**

– Пандемияның көптеген елдерде қалай етек алып жатқаны туралы деректерді зерттегенде, Қазақстан эпидемия басталғаннан бастап алғашқы төрт аптада айтарлықтай жетістікке қол жеткізгені белгілі болды. Өйткені ел эпидемия фазасын үш-төрт апта ішінде өзгерте алды. Бұл шаралар ДДСҰ ұсынымдарына толық сәйкес келеді. Мен қазақстандық эпидемияға қарсы жүйені жақсы білемін. Ммениң әріптестерім өте жақсы нәтиже көрсетуде. Оған елдің әлеуеті жеткілікті, – деді ұйым өкілі.

Ол эпидемияның жалпы дамуын және қабылданған шаралар мен ұсыныстардың қаншалықты тиімді екенін қарастырғанын, сондай-ақ толық талдауды ДДҰ-ның елдік бюросынан алуға болатынын атап өтті.

ДДҰ өкілі қол жеткізген жетістіктер көбінесе мемлекеттің дер кезінде қабылдаған карантиндік шараларға және азаматтардың өзін-өзі қорғауының жоғары деңгейіне байланысты екенін айтты.

– Мен Интернетте әртүрлі қол жетімді тәуелсіз оқшаулау индексін қарауға қызығушылық таныттым, кездейсоқ Нұр-Сұлтандағы индекске көзім түсті. Онда мен Нұр-Сұлтан индексі 4,5 балды құрағанын көрдім. Бұл халықтың сақтық шараларын қатаң ұстанғанын көрсетеді», – деді М. Вуйнович.

– Салыстырмалы көрсеткіштерді бүгінде кеңінен қол жетімді оқшаулау индексінің мониторингімен бақылауға болады. Қазақстанда өте қысқа мерзімде, тура екі аптада, инфекцияның таралу қаупін азайтуға мүмкіндік туды. Ол кезде Нұр-Сұлтан қаласындағы оқшаулану индексі 4,5 балл деңгейінде болған, бұл аймақтағы ең жоғары көрсеткіштердің бірі болды. Жағдай үнемі өзгеріп отыратынын есте ұстаған жөн, – деп толықтырды сарапшы.

**Дереккөз: ҚазАқпарат**

БІЗ БІРГЕМІЗ!

# ІНДЕТТІ ҚАШАН, ҚАЛАЙ ЖЕҢЕТІНІМІЗ ӨЗІМІЗГЕ БАЙЛАНЫСТЫ



Қазір қиын шақ туып тұр. Былтыр ел жөнді, жөнсіз митингілерден көз ашпады, абырой болғанда бас жарылып, көз шықпай аман өттік. Ол аздай Арыста алапат жарылыс болды. Ақпанда Қордай дүрлікті. Енді міне бізге жоламастай боп көрінген коронавируспен бетпе-бет келіп отырмыз. Осы қиындықтарды, шүкір, шамамыз жеткенінше еңсеріп келеміз. Арғыларын айтпағанда, әлемнің басты ауруы Covid-19-ға қарсы қамданысымыз жаман емес. Әсірелеп айтқандық емес. Шынымен. Күніне бірнеше рет жаңаланатын ауру статистикасын бақылап отырмыз. Негізгі үш қалада өсу қарқыны бәсеңдеді. Ол ең алдымен дер кезінде жарияланған Төтенше жағдайдың, артынша әр қаладағы ахуалға сай енгізілген карантин режимінің арқасы. Оны ТЖ жөніндегі мемлекеттік комиссияның өткен жұмадағы отырысында Президент өзі де айтты. Жалпы, ол отырыста көп дүние айтылды.

Президент сөзінде тек қолға алынған жұмыстар, атқарылатын жоспарларды судыратып оқып шықпай, осы аурумен күрес кезінде анықталған кемшіліктерді, жауапты тұлғалардың тікелей кінәсінен болған олқылықтарды да ашық айтты. «Тәтті өтіріктен, ащы шындық дұрыс» деген мысалды келтірді. «Электронды үкімет» жобасы, осы жобадан шығатын түрлі бағдарлама-қосымшалардың далбаса боп қалғанын, тіпті ауылға баратын солярканың сапасына дейін біліп отырғанын аңғартты Президент.

Қоғамда түрлі әңгімеге негіз болған дәрігерлердің КВ жұқтыруына да алаңдаушылық білдірді. «Ауруға шалдыққан бес адамның біреуі – медицина қызметкері. Бұған жеке қорғаныс құралдарының жетіспеушілігі және қауіпсіздік шараларының сақталмауы себеп болуда. Дәрігерлеріміз онсыз да жетпей жатқанда, бұған мүлдем жол беруге болмайды. Науқастарды емдейтін медицина қызметкерлерінің еңбек жағдайын ерекше бақылауға алу керек» деген Кемелұлының сөзі медицина саласын басқаруда да проблема жоқ еместігін көрсетіп отыр.

30 наурызда жасаған Үндеуінде, оның алдында берген тапсырмаларына сай тағайындалған әлеуметтік көмектер, дәрігерлерге берілетін үстемеақы үлестіру жұмыстарының басталып кеткенін де атап өткен жөн. Азық-түлік қауіпсіздігі, шаруаларды қолдау, карантин деп, басқа деп олардың жұмысына кедергі келтірмеу де тапсырылды.

Тізе берсек, Президент көп нәрсе айтты. Ең бастысы 15 наурыздағы Жарлығымен жарияланған Төтенше жағдай режимін сәуірдің соңына дейін созды. Мұнысы дұрыс болғанын дәлелдеп жату қажет емес шығар. Алматы мен Нұр-Сұлтанда, Шымкентте жағдай тұрақталғанмен, өңірлерде, өзіміздің Қарағанды мен көршілес Қызылорда облыстарында коронавирустың қарқыны қатты боп тұрғанын көріп отырмыз. Инфекцияның таралуын тек барынша оқшаулану арқылы ғана тоқтатамыз. Сондықтан төтенше жағдай режимі, соған сай карантиннің созылуы – заңдылық.

Бірақ, ТЖ екен деп жөн-жосықсыз шектеулер, тосқауылдар болмауы керек. Әйтпесе, басқа қолдан келмесе де тыйым салу, біреуді жолдан қалдырып, ит әуресін шығару сияқты әрекеттер кездесетіні белгілі ғой. «Мемлекеттік комиссия аймақтардағы карантин шараларының орындалуын қатаң бақылауға алуы тиіс. Бұл ретте, полиция мен мемлекеттік органдардың іс-қимылдары тек қатаң шаралар түрінде емес, орынды әрі ақылға қонымды болуы қажет. Жөнсіз әрекеттерге жол берілмеуі тиіс» деген Президент сөзінен соны ұқтым.

Сондай-ақ, карантин деп тас бүркеніп жатып алсақ, экономиканы тұралатып, қиын жағдайға душар боламыз. Тоқаев оны да айтып отыр. Үкімет пен әкімдерге шағын және орта бизнес саласын мұқият зерттеп, тоқтап қалған нысандарды жеке-жеке іске қосу мүмкіндіктерін қарастыруды тапсырды. Әрине, іске қоспас бұрын ол жердегі жұмыс жағдайының қауіпсіздігі барынша қамтамасыз етіледі. Әйтпесе, тамақ сататын дүкеннен басқаның барлығын жауып тастап отыра берген де дұрыс емес.

Төтенше жағдай ұзартылды деп ұнжырғамыз түспесін. ТЖ жарияланғанымен көп жерде карантин режимі кейін енгізілді. Құр қалып жатқан ештеңе жоқ. Карантин сөзі «қырық» деген мағына береді деп жатырмыз ғой осы коронавирустың арқасында. Қырқына шыдаған, қырық біріне де шыдайды. Бастысы – елдің амандығы, деніміздің саулығы. Ендігі жерде көп нәрсе өзімізге, күнделікті жүріс-тұрысымызға байланысты болып отырғанын түсінейік. «Сәуір болмай тәуір болмайды» деп жүр ек, енді «майда» бір-ақ жайланатын түріміз бар. Ол күн де алыс емес. Аман болайық, ағайын!

**Дархан МҰХАН**

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комиссия отырысында қазақстандықтарды қолдау шараларын күшейтуді тапсырғаны белгілі. Төтенше жағдай кезеңінде атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылардың 6-18 жас аралығындағы балаларымен қоса өзге де мүшелері әлеуметтік маңызы бар азық-түлік, қажетті заттармен қамтылатын болды.**

# ЕШКІМ ҚОЛДАУСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

Сонымен қатар, бұл қолдауға карантин аумағында қалған қалалардағы I және II топқа жататын мүгедек ересек адамдар және балалар, мүмкіндігі шектеулі бала күтімімен үйде отырған ата-аналар да ие. Құны 2 АЕК-тен төмен емес азық-түлік және тұрмысқа қажетті заттар құрамын жергілікті атқарушы билік айқындайды. Азық-түлік-тұрмыстық жиынтықтармен қамтамасыз ету көмек алушы тұлғалардың шоттарына ақшалай қаражатты аудару жолымен немесе заттай түрде жүзеге асырылады. Республикалық бюджеттен бір адамға бөлінетін жиынтық бағасы 5 647 теңгені құрайды.

Бүгінде жезқазғандықтар да аталмыш көмектен кенде емес. Қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімініі басшысы Ләйлә Әлкебаеваның айтуынша 1 сәуірде атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылардың 6-18 жас аралығындағы 376 баласы бұндай көмекке қол жеткізген. Сонымен бірге 16 жасқа дейінді 362 мүгедек-бала мен I, II, III топтағы 4254 мүгедек, мүмкіндігі шектеулі бала тәрбиелеп отырған 362 ана мен жұмыспен қамту орталықтарында жұмыссыз ретінде тіркелген 457 тұрғынның есеп-шотына да 5647 теңге аударыла бастаған. Жалпы, еліміз бойынша 1,1 млн тұрғынды қамтитын қолдау шарасына республикалық қазынадан 21 млрд теңге қарастырылған. Көмек мерзімі үш айға, яғни сәуірден маусымға дейін де жоспарланған.

Ел басына күн туған сын сағатта бас партия «Nur Otan» да қарап қалмады. Елбасы, «Nur Otan» партиясының Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен құрылған «Birgemiz» қоры пандемия кезінде қорғанысы әлсіз азаматтарға атаулы көмек көрсетуді қолға алды. Атап айтқанда, 150 мыңнан астам азаматқа 50 мың теңге мөлшерінде тікелей ақшалай көмек көрсете бастады. «Nur Otan»-ның көмегіне карантин қиындығын көрген еліміздің 23 ірі қаласының тұрғындары ілікті. Олардың қатарында жезқазғандықтар да бар. Бүгіннің өзінде атаулы әлеуметтік көмек алатын тұрмысы төмен көпбалалы отбасылар, мұқтаж мүгедектер, мүгедек баланы тәрбиелеп отырған отбасылар, ең төменгі зейнетақы алып жүрген және халықтың әлеуметтік әлсіз тобына жататын зейнеткерлер, жетім балалар (тұл жетімдер мен асыраушысының бірінен айырылған балалар), Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен соларға теңестірілгендер, тыл еңбеккерлері қамтылған тізім жасалған. Тізімге енген 1495 тұрғынның 700-ден астамы 50 мың теңге көлеміндегі ақшалай көмекті жаратып та үлгерді. Қазір «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалы тағы көмекке мұқтаж 2800 жезқазғандықтың тізімін жасақтау үстінде.

– Біз қандай болмасын қиындықты бірліктің арқасында еңсеретін елміз. Қауіпті індет қазақ елінің ұйымшылдығын көрсетіп, қамқорлығын тағы да паш етті. Атаулы әлеуметтік көмек алатын есеп-шотқа 50 мың теңге түскенін көргенде таң қалдым. Дереу жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне хабарласып, «Nur Otan» партиясы аударғанын білдім. Балаларымның несібесі ғой, – деп көзіне жас алған көп балалы ана Нұрсұлу қиын жағдайға тап болған азаматтарын қолдаусыз қалдырмаған мемлекет пен «Nur Otan» партиясына алғысын жаудырды.

**Бота ШАЛҚАР**

# БАҒАНЫ НЕГІЗСІЗ ӨСІРМЕУ ЖОЛЫНДА



**Елде төтенше жағдай жарияланып, елді-мекендер арасындағы барыс-келістен бастап, бірқатар шектеулер енгізіліп жатыр. Бірқатар мекемелер жұмысын тоқтатты немесе қашықтан жұмыс істеуге көшті. Осы ретте мемлекет басшылығы халық бірінші кезекте тұтынатын азық-түлік өнімдерінің бағасын негізсіз өсірмеуге күш салуда.**

Жезқазған қаласы әкімдігі қаладағы сауда орындарымен әлеуметтік маңызы бар 19 түрлі азық-түлік өнімінің бағасын бөлшек саудада 10 пайыздан артық өсірмеу туралы меморандум қабылдаған болатын. Жақында ҚР Ұлттық экономика, сауда және интеграция, ауылшаруашылығы министрліктерінің бірлескен бұйрығымен республика аумағында азық-түлік өнімдерінің шектік бағасы бекітілді. Осы талаптардың орындалысын қадағалау мақсатында Жезқазған қаласы кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімі, «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалы мен партияның «Қазақмыс» корпорациясы жанындағы Қарағанды филиалы мамандары, БАҚ өкілдері қаладағы бірқатар сауда нүктелеріне рейд жасады.

Мониторинг тобы қаладағы «Органик», «Самаз» супермаркеттеріне барып, ондағы жағдаймен танысты. Сауда орындарының әкімшілігі қазіргі таңда қажетті азық-түлік қоры барын, шектеусіз сатылып жатқанын айтады.

Мәселен, «Органик» дүкенінде қанттың бір келісінің бағасы 225 теңгеге дейін түссе, нан бағасы 75 теңгеден басталады. «Самаз» дүкенінде де баға өсімі байқалмады. 1-сұрыпты ұнның 25 келісі мұнда 3550 теңгеден, жоғары сұрыпты ұнның 25 келісі 4150 теңгеден саудалануда. 1-санаттағы жұмыртқа 28, санаттағы жұмыртқа 25 келіден сатылуда.

Дүкен әкімшісі Шынар Күлетаева сондай-ақ, облыстық тұрақтандыру қорынан картоп әкелінгенін, қазір ол картоп 80 теңгеден сатылып жатқанын айтады.

– Үш министрліктің бірлескен бұйрығымен әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің шектік бағасы бекітілді. Бұл бұйрық бүгінде ақпарат құралдары, әлеуметтік желі арқылы жұртшылыққа таныстырылуда. Сонымен бірге, қазір біздің бөлімге осы бағытта тексеру жүргізу функциясын енгізу мәселесі қарастырылып жатыр. Аталған функция енгеннен кейін кәсіпкерлік және ауылшаруашылық бөлімі шектік бағалардың сақталуын тұрақты түрде тексеріп отыратын болады, - дейді кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімінің сектор меңгерушісі Аманкелді Балмағанбетов.

Мониторинг тобының мүшелері сонымен бірге дәріханаларға да барып, дәрі-дәрмек пен медициналық құралдар бағасын бақылады. Мұндай рейдтің жұмыстар алдағы уақытта да жалғасатын болады.

**Өз тілшіміз**

# ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮГІ АУЫР

**2020 жылдың 10 сәуірінде Президент Қ.Тоқаевтың басшылығымен «Төтенше жағдай бойынша Мемлекеттік комиссия» отырысы өткені белгілі.**

Президент ол отырыста медицина қызметкерлерінің бүгінгі ерекше еңбегін атап өтті. Өз кезегінде медицина қызметкерлерінің індетті жұқтырып жатқаны алаңдатып отырғаны да айтылды.

«Ауруға шалдыққан бес адамның біреуі – медицина қызметкері. Бұған жеке қорғаныс құралдарының жетіспеушілігі және қауіпсіздік шараларының сақталмауы себеп болуда», – деді Президент.

Халыққа әлеуметтік көмек беру механизмі дайын болмағандығы айтылды. Сол себепті Үкіметке тез арада әр адамға үйден шықпай-ақ мемлекеттен көмек алатын жағдай жасау тапсырылды.

Жиында сондай-ақ, төлем карталарын алу мәселесін 3 күннің ішінде шешу тапсырылды. Бұл өз кезегінде көлеңкелі экономика үлесін азайтуға, қолма қол ақшасыз жұмыс істеуге көшуге зор мүмкіндік беретіні белгілі.

Білім беру саласында қашықтықта оқытуға байланысты интернет жүйесінің сынақтан өте алмағаны да айтылып, осы салада және денсаулық саласында реформа жасалатыны айтылды. Менің ойымша, бізге барлық салада, әсіресе жемқорлықты тоқтату үшін ең алдымен саяси реформа қажет. Үкімет халық алдында есеп беріп, ашық жұмыс істеуі қажет.

Комиссия отырысында коммуналдық төлемдерді азайту бойынша тапсырма орындалмағаны белгілі болды. Негізі егер де төтенше жағдайда тапсырма орындалмаса, қалған күндерде осы коммуналдық салада өзгеріс болып, монополистерге шара қолданады дегенге сену қиын.

«Жұмыспен қамту жол картасы» бойынша 240 мың жаңа жұмыс орындары ашылып, 1 трлн. теңге қаражат бөлінуде. Аталған жұмыстарда қазақстандық тауар өндірушілер мен қызмет көрсетушілердің үлесі 90 пайыздан кем болмауы қажет.

Жиында көктемгі егін жұмыстары, қаржылық тұрақтылықты сақтау мәселесі, ірі бизнес жайлы да айтылды. Ең бастысы Мемлекет басшысы сындарлы сәтте мемлекеттік аппараттан жоғары жауапкершілікті, қазына қаржысын ұқыпты жұмсауды, қандай мәселе болсын ашықтық пен жариялылықты талап етіп отыр.

Президент Қазақстан халқына осы қиын уақытта шыдамдылық танытқаны үшін өз алғысын білдірді.

Негізі қиын жағдайлар мықты адамдарды туғызады, мықты адамдар жайлы заман жасайды деген тұжырымды ескерсек, мына коронавирусқа байланысты орнаған жағдайды да мүмкіндік деп қабылдауымыз керек. Осы қиындықтар бізге сабақ болуы тиіс. Сондықтан, халық үшін, ел үшін қызмет жасайық!

**Жүрсінбай ЛЕКЕРОВ,**
**Жезқазған қаласы қоғамдық кеңес мүшесі, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Жезқазған филиалы директоры**

# АЙТАР АЛҒЫСЫМ ШЕКСІЗ

Әйелді әйел адамдан артық ешкім жақсы түсінбесі артық. I топтағы мүгедектікке жататын менің денсаулығым арнайы тыңғылықты күтімді қажет етеді. Өзім жалғызбасты анамын. Жұбайым өмірден өтіп, арқа сүйер тірегімнен айрылған соң халім тіптен нашарлай бастады. Осы тұста мен сияқты көмекке аса қатты зәру жандарға қол ұшын созып, бар көмегін аямай жүрген қала басшылығына алғысым шексіз. Соның ішінде, тікелей біз секілді жандармен жұмыс істеп, алтындай уақытын бізге де бөліп жүрген қала әкімінің орынбасары Зина Ақылбековаға айтар алғысым ерекше. Ол кісі мен өткен жылы алпысқа келгенде де арнайы үйіме өзі құттықтап келіп, сый-сияпатын табыстаған еді. Әрдайым қолынан келген көмегін көрсетіп жүретін басшы ханымдар аз-ақ.

Тек нәзікжандыларға ғана емес, барша билік басындағы азаматтарға үлгі көрсеткен Зина Жұманазарқызы қашанда мақтауға лайықты дер едім. Содан кейін атын ерекше атайтын ханымдардың бірі – жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Ләйлә Әлкебаева. Ол тек жәрдемақы жағын ғана ретке келтіріп қоймай, менің әлеуметтік жағдайымды, денсаулығымды – барлығын өз назарында ұстап отырады. Мейрам сайын құттықтап, әлеуметтік пакеттерде ұсынады. Менің жағдайымды білетін жылумен, сумен жабдықтау кәсіпорынында өз жеңілдіктерін ұсынып, қуантып қояды.

Біз секілді көңілі қаяу жандар үшін аз ғана мейірім мен жылы көзқараста үлкен мәнге ие. Биылғы жыл ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен волонтерлар жылы аталғаны белгілі. Осы жылда қала волонтерлары да ерекше жұмыстар істеуде. Осы тұста соларды бастап, көптің алғысына бөленіп жүрген жастар ресурстық орталығының директоры Ботакөз Мұхиденнің еңбегі зор. Көмек қажет болған кез келген уақытта жанұшыра жәрдемдесетін осы орталықтың кадр мәселесіне жауапты маманы, ақ көңіл де адал азамат Ізтөлеу Түсіпке де айтар алғысым айрықша. Ол бастаған волонтерлар керекті азық-түлікпен қамтамасыз етіп отырады. Аяғымның жаны кетіп, қоларбаға таңылған мен 12 жыл сыртқа шықпай күн кешкен күндерімде болған. Қазір волонтерлар мені 5 қабатты үйден сыртқа шығарып, таза ауамен тыныстауыма, кең дүниеге көз тастауыма себепші болып жүр. Сол үшін мен оларға дән ризамын. Волонтерларға да ақ батамды беремін. Өркендері өссін дегім келеді. Істеген жақсылығың өзіңнің алдыңа да жақсылықпен қайтары сөзсіз. Осындай кең жүректі, арда көңіл азаматтар мен азаматшалар көбейе берсін!

***Жанар АХМЕТБЕКОВА***

# АҚ ХАЛАТТЫЛАР ҮСТЕМЕАҚЫ АЛА БАСТАДЫ

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев коронавирусты анықтау, науқастарды емдеу және вирустың одан әрі таралмауы үшін аянбай еңбек етіп жатқан дәрігерлерге алғыс айтып, Үкімет осындай қызметкерлерге сыйақы беру шараларын қабылдайтынын мәлімдегені белгілі. Бүгінгі таңда күн-түн демей халық денсаулығының күзетінде тұрған жезқазғандық ақ халаттылардың да алды үстемақы ала бастады.**

– «Болашақта халқыма қалтықсыз қызмет етіп, медициналық қауымдастықты дәстүрлі мейірбандылықпен дамыта отырып сақтауға және науқастың жазылып, дені сау болуы – қызметімнің басты принципі, менің жоғарғы бағам» деп дәрігерлік антты қабылдаған соң оған адал болу парыз. COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуына жол бермеуге жұмылдырылған медицина қызметкерлерінің қатарына алынғанда қуандым. Өйткені, елге қауіп төндірген пандемияны тоқтатуға атсалысу әр қазақстандықтың міндеті. Осы ретте маған мол мүмкіндік берілді. Мен жинақтерген білімім мен тәжірибемді, бар күш-жігерімді елімнің жарқын болашағы жолына арнаудамын, – деген «Тильман» отбасылық-дәрігерлік амбулаториының фельдшері Асығат Қазыров қазір Жезқазған-Қарағанды тасжолы бағытында орналасқан санитарлық бекетте қалаға келген жолаушылардың денсаулығын бақылап тұр.

«Отаныма, туған жеріме пайдалы болудан асқан бақыт жоқ» дейтін жас медицина қызметкерлеріне барша қазақ елі үміт артып отырғанын біледі. Және сол үмітті ақтауға тырысып-ақ жүр. Өзінің және әріптестерінің еңбегін елеп, ынталандыру мақсатында ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлының бастамасымен беріліп жатқан үстемақыны алған Асығат ризашылығын білдіріп, әлемді жайлаған індет тезірек жойылса деп тілек білдірді.

Жалпы, коронавирус індетімен күресу мақсатында Жезқазған қаласының медициналық ұйымдарында 3 тәуекел тобы құрылды. Оның құрамына 16 емдеу мекемесінен барлығы 103 медициналық қызметкер алынды. Қазіргі таңда осы қызметкерлердің барлығы мемлекет тарапынан көрсетілген қолдау шараларынан қапы қалмады.

**Бота ШАЛҚАР**

**Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комиссия отырысында ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Үкімет пен әкімдіктерге нақты тапсырмалар берді. Оның ішінде карантин режиміндегі қала тұрғындары үшін коммуналдық төлемдерді азайту мәселесі де бар.**




Осы ретте жезқазғандық коммуналдық сала басшылары Президент тапсырмасын орындауға асыққаны қуантты.

Жезқазған қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Қуанышбек Сансызбаевтың мәлімдеуінше, 1 сәуірден бастап жылумен, сумен жабдықтау кәсіпорны ауыз судың бағасын 17 пайызға төмендеткен. Бұған дейін жезқазғандық тұрғындар судың текше метріне 40 теңге төлейтін болса, қазір 33 теңгеге азайған.

Жезқазған жұртшылығына электр энергиясын ұсынушы «Казэнергоцентр» ЖШС де тарифті 5 пайызға төмендетіпті. Енді жеке тұлғалар жарықтың 1 кВт-ы үшін 15,46 теңгенің орнына 14,68 теңге төлейтін болды.

**Өз тілшіміз**

# БАСТЫ ҰРАН – ЕЛ БІРЛІГІ

***Халық пен билік диалогын дамыту, байланысын нығайту – қазіргі күннің басты талабы. Ал, басты ұран – ел бірлігі!***



«Төбесіз жер, төресіз ел болмайды». Бағзыдан бүгінге жеткен бұл өсиет тектен-теккке айтылмаса керек. Егемендіктің елең-алаң шақтарында еліміздің еңсесін көтеріп, кеткен есемізді қайтарып, шекарамызды шегендеп, халқымызды төрткүл дүниеге танытқан, болашаққа жетелеген, сан ғасырлар бойғы бабалар арманын баянды еткен, айналдырған 12 жылда астанамызды салып, айдай әлемге әйгілеген Елбасына қай кезде де айтар алғысымыз шексіз! Бұл – Тұңғыш Президент пен халықтың біртұтастығының дәлелі. Еңбек пен төккен тер аз емес. Бәрінен бұрын адамдықты, адалдықты қадір тұтатын Елбасы атақ-дәрежеге қызыққан емес. Дегенмен де Нұрсұлтан Әбішұлы үшін ең бір қадірлі атақ бар. Ол – туған елінің, туған жерінің құрметіне, абыройына бөлену. Ал, бұл – марапаттың төресі. Еңбек жемісі деген осы. Елбасы – ұлтымыздың қара шаңырағы Ұлытаудың ұлылығынан үлгі алған. Ал ұлттың табысқан төбесі – Ұлытауға барып, таудан бата алған ханның ісі оң, саясаты айқын, арманы сөзсіз жүзеге асатынын білеміз. Ұлытаудың ұлы атануы тауының биіктігінен емес, суының көптігінен емес, бүкіл ұлы қауымның бас қосқан, ортақ шешімге келген жері. Біз – от жалында шыңдалған, «Жеңіс» деген қасиетті шыңды алған, аға толқынның ұрпағымыз. Басты ұран – ел бірлігі! Ал бірлік болмайтын жерде береке де, тірлік те болмайтыны бесенеден белгілі. Әрбір жетістіктің, әрбір асудың өзегінде – елдегі тыныштық пен тұрақтылық, бейбітшілік пен бірлік жатқаны ақиқат. Татулық, бірлік, береке, ынтымақ әр елде бола бермейді. Қазақ елі осындай игіліктерге толы жұрт. Бұл жайында Елбасымыздың осыдан 20 жыл бұрынғы: «Қазақты еш уақытта сырттан жау алған емес, қазақ әлсіресе – алауыздықтан әлсіреген, күшейсе – бірлікпен күшейген. Үйдің берекесі отбасындағы сыйластық пен татулықпен келеді. Мемлекет те солай!» деп мәлімдеуі шын мәнінде осы түйінді ашып көрсетеді.Бұл – тарих заңы. Сондықтан да біздің бірлігіміз – еліміздің кілті. Әулетіміздің асуы да, дәулетіміздің тасуы да өз қолымызда. Бірлігімізді біздің өзіміз сақтауға тиіспіз. Оны біз үшін ешкім ешқашан сырттан келіп жасамайды. Кей кездері бір әулеттің балалары сөзге келіп, біріне-бірі өкпе артып жатады. Діні бөлек, ділі басқа халықтарды бір мемлекетте ұйытып отырудың өзі үлкен күш.

Осынау көп ұлтты тұрғындардың «Қазақстан» атты бір шаңырақ астына топтасуы ұлт Көшбасшысы, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сұңғыла саясаткерлігі. Бізге дәл қазір халықты рухани тұрғыда бұрынғыдан да гөрі күштірек, бұрынғыдан да бетер тағатты ету маңызды. Рухани бірлік – еліміздің іргесін нығайтып, бүлікке, ел тыныштығын бұзатын жәйттерге ешқандай да жол бермейді.Күллі әлем таныған, құрметтеп төріне оздырған беделді мемлекетпіз. Мұның бәрі бір күнде, бір сәтте бола салған жоқ.

Ия, халық пен билік диалогын дамыту, байланысын нығайту – қазіргі күннің басты талабы. Пікірлердің алуандығы алауыздыққа апармай, керісінше бір мақсат, бір мүдде төңірегінде тоқайласу керек. Азаматтық қоғамның алғы шарты да – осы. Бұл тұрғыда азаматтық қоғам институттарының қатарында кәсіптік одақтар аталады. Кәсіподақтың негізгі миссиясы – әлеуметтік еңбек қатынастарын реттеу. Бұл – тұрақтылықтың, халық пен билік арасындағы ынтымақтың маңызды факторы. Өйткені халықтың маңызды бөлігін құрайтын еңбек адамының мүддесін қорғайтын кәсіподақтар еңбек дауларын дабыраға айналдырмай шешуде, түсінбеушілік туған жағдайда тараптарды мәмілеге келтіруде бітімгерлік қызмет атқарады. Қоғамда зор күшке ие болған кәсіподақ талай түйткілді мәселелердің түйінін тарқатуға сеп болды. Жұмыс берушінің алдында жұмысшылардың мәртебесін көтеріп, тең дәрежеде санасатындай жағдайға жеткізді. Азаматтық қоғамның ең үлкен бөлігі ретінде біз өз мүшелерімізге және әлеуметтік әріптестерге қауіпті азайту мен қоғамдағы жағдайды тұрақтандыру үшін күш біріктіру қажет екендігін жеткіземіз.

Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясы атынан, «Мемлекеттік, банк қызметкерлері және қоғамдық қызмет көрсету салалық кәсіподағы» ҚБ атынан әлемді елеңдеткен дүрбелең шақта, халыққа қалтқысыз қызмет етіп жүрген еңбек адамдарына алғысымызды айтқым келеді. Медицина қызметкерлері, полиция қызметкерлері ұлы парыздарын адал атқаруда. Өзіміздің сала кәсіподағының мүшелері мемлекеттік қызметкерлерге, Үкіметке, жергілікті атқарушы билік өкілдеріне, білікті қызметкерлерге зор алғыс айтамыз. Кез келген қоғам мемлекеттік басқарусыз, мемлекеттік қызметшілерсіз әрекет етуі мүмкін емес. Билікке деген сенім қазіргі қоғамның талаптарына сай мемлекеттік қызметшіден басталады. Бүгінгі күні мемлекеттік қызметшілерге үлкен міндеттер жүктеліп отыр. Мемлекеттік қызметшінің жұмысы терең білімділік пен іскерлікті ғана емес, үлкен жауапкершілікті талап етеді. Адам құндылығына қызмет ету қашанда мерейлі екенін ойласақ, өз тағдырын сеніп тапсырып, Сіздердің кәсіби шеберліктеріңіз бен біліктіліктеріңізге сенім артқан жандардың көңілінен шығу қашанда қиын. Сіздердің тынымсыз еңбектеріңіздің нәтижесінде мемлекеттен облысқа жүктелген міндеттердің барлығы жоғары дәрежеде орындалып жатыр.

Сын сағатта өңірімізде індеттің, ахуалдың ушығып кетпеуіне бірден бір себеп – ол сіздердің күнделікті атқарып жатқан қарқынды қызметтеріңізге, тәжірибелеріңізге, заңдылықты бұлжытпай сақтауларыңызға тікелей байланысты. Әлеуметтік әріптестермен бірігіп, қоғамда әлеуметтік тұрақтылықты, еңбек ұжымдарында төтенше жағдай талаптарын сақтап, жұмысшылардың жаппай жұмыстан шығарылуын болдырмай, еңбекақымен әлеуметтік төлемдерді уақытылы төлеп, еңбек заңнамасының, ұжымдық шарттардың сақталуын, әлеуметтік саладағы дағдарысқа қарсы іс-шаралардың шұғыл жасалуын кәсіподақпен бірге қадағалап, ықпал жасап отырсыздар. Еңбек адамының игілігі мен мүддесі жолындағы бірлескен іс-қимылдарымыз және белсенді жұмысымыз тұрғындардың әлеуметтік әл-ауқатын, өмірі мен денсаулығын сақтауға ықпал ететініне сенімдіміз. Мың алғыс, Сіздерге!

Күн сайын әлем елдерінде тіркеліп жатқан коронавирус індетімен күрес және оның кең таралуын алдын алу шаралары қасиетті Ұлытау ауданы, кенді алқаптың төсіне ту тіккен Жезқазған, Сәтбаев қалалары бойынша жан-жақты іске асырылуда. Осы мақсатта жергілікті атқарушы билік пен кәсіподақ ұйымы жұмыскерлердің еңбек құқықтары мен мүдделерін қорғау жүйесінің дамуына ықпал етуге бағытталған іс-шараларды бірлесе жүргізіп келеді. Кәсіподақ бұл мәселені қатаң қадағалайды. Қазіргі қоғамдағы қарым-қатынас сауаттылығы бәрімізге қойылатын талап. Кәсіподақ мүшелері төтенше жағдай мен карантин кезеңінде жұмыс пен сабақты онлайн түрде өткізіп, өз жұмысын қашықтан тиімді жүргізуде. Мемлекеттің экономика мен әлеуметтік саладағы дағдарысқа қарсы іс-шараларына байланысты ақпараттық, түсіндірме жұмыстар күнделікті жасалып келеді.

Пейілімен, тілегімен, күллі тамыр тірегімен әрдайым кеңдік пен кемеңгерлік, сабырлық пен іскерлік көрсетіп жүрген, елдікті пен ерлікті мұра тұтқан асыл жерлестер! Бір-бірімізді жақсы көрейік. Жақсы көру дегеніміз – өзің үшін пайдалы болғанды өзгелерге де қалап, өзің үшін зиянды болғанды өзгелерге де қаламау, өз мүддеңнен өзге бауырларыңның мүддесін үнемі жоғары ұстау. Вирустың таралуын болдырмауда ауызбіршілік танытайық. Біз үшін күні-түні тынбай етіп отырған жандарға қолдау керек. Қауіпсіздік ережелерін сақтауға және азаматтық жауапкершілік көрсетуге шақырамыз. Адам өмірін қорғау, қауіпсіздігін сақтау басқа құндылықтардың бәрінен жоғары тұруы тиіс. Қиындықты бірлесіп қана еңсере аламыз. Қазақстанның бағындыратын биіктері әлі алда. Осы жолда Елбасының үндеуі рухымызды жігерлендіріп, бойымызға күш-қайрат дарытты. Сол сенімді ақтаудан артық мұрат жоқ. Елімізде халықтың ішкі бірлігі сақталуға тиіс.Қазақстан, алға! Біз мықтымыз! Біз күштіміз! Өйткені біз біргеміз! Сүйсінерлік сүрлеумен жүріп келе жатып, сүрінерлік осалдық танытпайық! Қосылғанның қолы ұзын, қос керуеннің жолы ұзын! Біз біргеміз!

**Раушан ҚОЖАБАЕВА,**
**Жезқазған қаласы**
**«Мемлекеттік, банк мекемелері және қоғамдық қызмет көрсету қызметкерлерінің салалық кәсіподағы» ҚБ төрағасы,**
**Жезқазған қаласының іскер әйелдер қауымдастығының мүшесі**

# 42 500 ТЕҢГЕ: ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМ КІМГЕ, ҚАЛАЙ ТӨЛЕНЕДІ?

**Бүкіл әлемді шарпыған коронавирус Қазақстанды да айналып өткен жоқ. Індет салдарынан ел билігі республика аумағында карантин режимін жариялап, шағын және орта бизнес те, тіпті «екі қолға бір күрек» деп нәпақа тауып жүрген жандар да табысынан айырылды, төрт қабырғаға қамалуға мәжбүр болды.**

Мұндай жағдайда мемлекет те азаматтарын қиын жағдайда қалдырмақ емес. Табыссыз қалғандарға 42 500 теңге мөлшерінде әлеуметтік төлем тағайындап отыр. Бұл аз да болса табыссыз қалғандарға талғажау боларлықтай қаражат екені сөзсіз. Алайда кемшіліксіз дүние жоқ. Осы төлемдерді тағайындау барысында мемлекеттік органдар жүйесіндегі ақаулар да біліліп қалғанымен, әлеуметтік көмекті азаматтарымызға дер уақытында жеткізу үшін іркіліссіз жұмыс жүргізіліп жатыр.




Бірақ біздің айтпағымыз ол емес, мұндай әлеуметтік төлемді кімнің ала алатындығы жайында болмақ.

***42 500 теңге қанша азаматтың есепшотына түсті***

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде карантин жариялануына байланысты табысынан айырылған азаматтарға әлеуметтік төлемнің тағайындалатынын жариялаған сәттен бері 1 айға жуық уақыт өтті. Осы уақытта 1,7 миллион адамның банктегі есепшотына төлем түсіп те үлгерді. Алдағы уақытта олардың саны еселей түсетіні де белгілі. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Біржан Нұрымбетовтің әлеуметтік төлемге қатысты сөзінен осындай ой түйдік.

«Бүгінгі күнге елімізде 3 млн. 703 мың адам 42 500 теңге мөлшерінде әлеуметтік төлем алуға өтініш білдірді. Өтініштердің саны – 4 млн 900 мыңды құрайды. Оның ішінде 1 млн. 779 мың адамға әлеуметтік төлем тағайындалды және есепшоттарына 75 млрд. 600 млн. теңге аударылды», – деген еді министр Орталық коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте.

Жалпы, бұл әлеуметтік төлем ресми және бейресми жұмыс істеп жүрген, бірақ төтенше жағдайдың салдарынан табысынан айырылған адамдарға қарастырылған. Ең алдымен, нақты бір компанияда, мекемеде жұмыс істеп жүрген және жұмыс берушісі ақысыз демалысқа жіберген жалдамалы жұмыскерлерге беріледі. Екіншіден, жеке кәсіпкерлер, жеке адвокаттар, сот орындаушылары, медиаторлар, репетиторлар немесе азаматтық-құқықтық сипатта жұмыс істеп жүрген азаматтар бірыңғай жиынтық төлемін (БЖТ) төлеп жүрген азаматтар әлеуметтік төлем ала алады.

Дегенмен, қазіргі уақытта жұрттың көңілін бұзатын бірталай жайттың да болып жатқаны бар. Иә, қазіргі интернет, әлеуметтік желілер, хат-хабар алмасуға мүмкіндік беретін түрлі мессенджерлер дамыған заманда шындықпен қатар жалған ақпараттың да таралатыны өмір заңдылығы шығар. Мәселен, осы әлеуметтік төлем тағайындалғалы бері оның төңірегінде алып-қашпа өсек-аяңды ұлғайта түсетіндер де көбейіп отыр. Олардың біразына бүгін Біржан Нұрымбетов нақты тойтарыс берді десек, артық айтқандық емес.

«Келесі мәселе бірыңғай жиынтық төлемі жайында болып отыр. Мұны бір азаматтар YouTube-та, басқа жерлерде халыққа: «Мемлекет сіздерді алдап жатыр. Бейресми жұмыс істеп жүргендер бір рет қана БЖТ төлесе жеткілікті дегендері өтірік. Оны сіздер ай сайын төлеулеріңіз керек. Ай сайын төлемесеңіздер, кейін мойындарыңызға қарыз қылып іледі», деп түсіндіріп жатыр. Бұл – жалған ақпарат, сенбеңіздер. Бұл – ерекше, төтенше жағдайға қатысты Заң. Сондықтан сіз бейресми жұмыс істеп жүрсеңіз, тіршілік жасап ақша тауып, содан қазір айырылып қалсаңыз БЖТ-ны бір рет қана төлеуіңіз жеткілікті», – деді министр.

Жалпы, 42 500 теңге атаулы әлеуметтік көмек алып жүрген кісілердің табысына кірмейді. Тіпті бұл төлемді алғандарға болашақта зейнеткерлікке шыққанда осы уақыты еңбек өтілі ретінде есептеледі. Мұның бәрі Заңмен реттелген. Одан салық та, зейнетақы төлемдері де ұсталмайды.

«Кейбіреулер «қолға 42 500 теңге түспейді екен» деп айтып жүр. Толық түседі. Ешқандай салық та, алым да ұсталмайды және одан несие қарызы, коммуналдық қарыздарды ұстауға болмайды. Сізге 42 500 теңге тағайындалса, онда сол сома есепшотыңызға түседі», – деді министр.

***Әлеуметтік төлемнің тағайындалуы неге ұзақ?***

Бастапқыда өтініш берілгеннен кейін әлеуметтік төлем үш күннің ішінде тағайындалатыны айтылған еді. Алайда әлеуметтік желіде төлемнің тағайындалғанын не тағайындалмағанын апталап біле алмай жүргенін айтып шағымданушылардың легі де қаптап кеткені бар. Оның себебі де бар. Бастапқыда өтініш бергендерге жаппай 42 500 теңге төлеуді ұйғарған еліміздің Еңбек министрлігі табыссыз қалғандар ғана емес, миллиондап жалақы алатындардың, шетелге көшіп кеткендердің, тіпті о дүниеге аттанып кеткендердің де атынан өтінім түскенін байқап қалыпты. Ал оның барлығын тексеріп шығуға уақыт кететіні айтпаса да түсінікті жайт.

«Әлеуметтік төлемдер неге кешігіп жатыр деген сұрақтар туындауда. «Мен бір апта бұрын бергенмін», «4-5 күн өтіп кетті» дегендер көп. Бұл ретте мен сіздердің алдарыңызда министр ретінде кешірім сұраймын. Біз осы күндері үлгермедік. Оның себебі бар. Не себеп, неліктен үлгермей жатырсыздар? дейсіздер. Оның бірнеше себебін түсіндіріп кетейін. Біріншіден, біз өзімізге 3 күн белгіледік. Бірақ одан да көбірек уақыт қажет еді. 42 500 теңге бюджеттен емес, мемлекеттік сақтандыру қорынан төленеді. Сол қор ақша береді, сол қор тағайындайды. Ол бөлек мекеме», – деді Біржан Нұрымбетов.

Оның айтуынша, елімізде бүкіл төлемдер «Азаматтарға арналған үкімет» корпорациясы арқылы банктерге жіберіледі. Ал банктер азаматтардың есепшоттарына аударады. «Ал өтінішті қабылдап жатқан біздің министрлік болғандықтан, барлық құрылымдарымен оларды тексереді. Содан кейін сіздерге жібереміз. Осы үш мекеме айналысып жатыр. Басқаша болмайды. Сіздерге айтарым, осы үш мекеменің қызметкерлері күні-түні жұмыс істеп жатыр», – деді министр.

***Зейнеткер 42 500 теңгеге үміткер бола ала ма?***

Зейнетке шыққанымен, үйде қол қусырып отырмай, түрлі жұмыста істеп жүрген зейнеткерлердің де бар екені белгілі. Мемлекеттік түрлі жәрдемақы алғанымен, нәпақа табу үшін еңбекке араласқандар да кездеседі. Оларға қазіргі қиын жағдайда мемлекет төлемдерді тоқтатпай, қайта алатын қаражаттарын индексациялап отыр. Өсімі бар сәуірдің зейнетақы мен жәрдемақыларын азаматтар мамырда бірге алады. Ал енді осындай адамдар 42 500 теңге мөлшеріндегі әлеуметтік төлемнен үміттене ала ма? Үміті бар. Оны да министр жан-жақты түсіндіріп берді.

«Иә, сіздер зейнетақы мен жәрдемақының мөлшері көп болмағандықтан, қосымша табыс табамыз деп жұмыс істегенсіздер. Сіздерге – болады. Сіздер өтініш бересіздер. Қосымша ештеңе төлемеңіздер. Төтенше жағдайға дейін төлеген болсаңыздар, біз оны көреміз. Жасыңызға қарамай, жәрдемақы алғаныңызға және басқаларына қарамай, әлеуметтік төлем береміз», – деді Біржан Нұрымбетов.

***Студенттер ше?***

Еліміздің еңбек туралы заңына сәйкес, 16 жасқа толған кез келген азамат жұмыс істеп табыс табуына шектеу қойылмаған. Мұны еліміздің жоғары оқу орындарында білім алып жүрген жастар да жақсы біледі. Олардың басым бөлігі түрлі салада білім алуларына кедергі келтірмейтін уақытта жұмыс істеп, жан бағып жүргені де белгілі. Алайда, жалдамалы жұмыс істегендіктен, зейнетақы қорларына олардың атынан жарна түспейді, әлеуметтік төлем алынбайды. Енді осындай студенттер не істеу керек? Жалғыз жолы – бірыңғай жиынтық төлем төлеу. Оны да Еңбек министрі нақты айтып отыр.




«Мейрамханаларда даяшы, дүкендерде сатушы болып жұмыс істейтіндер бар. Олар ресми және бейресми жұмыс істеп жүр. Сондықтан студенттерге жалпы барлық азаматтарға бірдей тәртіп қарастырылады. Егер ресми жұмыс істесе, жұмыс беруші береді. Ал өз бетінше ақша тауып жүргендер болса, өтініш берулері қажет. Бірақ одан бір күн бұрын бірыңғай жиынтық төлемді төлеуі керек. Сол кезде әлеуметтік төлем алады. Біз шәкіртақы алатынын не алмайтынын тексеріп жатпаймыз», – деді Біржан Нұрымбетов.

***Бала күтімінде отырған аналар да әлеуметтік төлем алады***

Бала күтіміне байланысты үйде отырған аналар да баласы 1 жастан асып, 3 жасқа толмаса 42 500 теңгеден әлеуметтік төлем ала алады. Бірақ оның бір ерекшелігі бар. Ол үшін бірыңғай жиынтық төлемін жасау қажет. Себебі ана бала күтімінде 1 жылдан астам уақыт отырғандықтан, оның атынан ешқандай төлем жүрмейді. Сол себепті Еңбек министрлігі мұндай аналарға ғана өзін-өзі жұмыспен қамтығандар ретінде бір рет бірыңғай жиынтық төлемін жасауға рұқсат беріп отыр.

«Сондықтан баласы 1 жастан асқан, бала күтіміне байланысты үйде отырған әйелдер үйде тігіншілікпен, тағам пісіріп сатумен айналысса, бірақ еш жерде тіркелмесе, онда БЖТ төлеп, өзін-өзі жұмыспен қамтыған деп белгі қою арқылы өтініш бере алады. Біз әлеуметтік төлем төлейміз. Тексергенде 1 жастан асқан баласының бар-жоғын ғана қараймыз», – деді министр.

Біржан Нұрымбетов бұдан бөлек, қазіргі уақытта бала күтімімен үйде отырған мемлекеттік қызметте істейтін әйелдерге 42 500 теңгеден төлеу мәселесі қарастырылып жатқанын айтты.

«Төтенше жағдайға байланысты мемлекеттік органдардың, қызметтердің жұмысы шектелген. Сондықтан біріншіден, Президенттің тапсырмасы бойынша 80, тіпті 100 пайызға дейін қашықтан жұмыс істеп жатыр. Екіншіден, декретте отырған аналар БЖТ төлей алмайды. Себебі мемлекеттік қызметкерлер кәсіпкерлікпен айналыса алмайды, заңмен тыйым салынған. Мұндай жағдайда декретте отырған мемлекеттік қызметшілер қайтадан жұмысқа шыға аласыздар. Яғни, мемлекеттік орган сізді қайтадан қашықтан жұмыс істеуге алып, жалақы төлесін. Басқа жағдайларда біз барлық мемлекеттік органдарға «бала күтіміне байланысты үйде отырған әйелдердің жағдайын шешіңіздер» деп хат жолдадық», – деді министр.

Қорыта айтқанда, мемлекет карантин режиміне байланысты табыссыз қалғандардың барлығын қамқорлықсыз қалдырмайды. Тіпті алдағы уақытта карантин режимінің ұзартылуына байланысты тағы бір ай 42 500 теңге мөлшерінде әлеуметтік төлем төлемек. Бұл ретте бірінші жолы төлем алғандардың қайтадан өтініш беруінің еш қажеті жоқ. Төлем автоматты түрде есепшотқа түсетін болады. Жалпы, алдағы уақытта Еңбек министрлігі жұмыс берушілердің тарапынан түскен өтініштердің заңдылығын бір тексеріп алуды жөн санап отыр. Ал мұның жеке өтініш берген азаматтарға еш қатысы жоқ. Б.Нұрымбетовше айтқанда «Сіз айттыңыз, біз сендік. 42 500 теңге алдыңыз ба, алыңыз, жаратыңыз. Ай сайын төлеп тұрамыз».

**«Saryarqa-ақпарат»**

# ҰМЫТЫЛҒАН МЕКТЕПТІҢ СОҢҒЫ ШӘКІРТІ

Қазіргі күнгі теолог-ғалымдардың зерттеулерін оқи отырып, кеңес кезінде құлағымызға құйып тастаған қазақтың түгел дерлік «сауатсыздығы» сұрқия-тұжырымының қаншалықты қиянат



болғанына енді көз жеткізудеміз. Тіпті оның шегеленіп қалғаны соншалықты, тың деректерге күмәнмен қарамасақ та, оның ауқымын елестету де санамызға салмақ болғандай. Жаңа зерттеулерге қарасақ, «... қазақтарда әрбір 10000 адамға бір мешіттен келетіндігі» тарихшы ғалым А.Махаеваның да қазақтарда «отар болудың қарсаңында Түркістанда 20 мешіт, Шымкентте 16 мешіт, 8 медресе, Сайрамда 15 мешіт, 10 медресе, Қарамұртта 6 мешіт, 3 медресе болса, Әулиеатада XX ғасыр басында 21 мешіт болғандығы» жайындағы мәліметі сол кезеңдегі қазақтың діни тыныс-тіршілік ахуалын тануға мүмкіндік береді.

Жақында осы тақырыпты тарқататын «Ясауи феномені» деген авторлық жинақ жарық көрді. Жинақтағы мына деректер іргелі білім ордасы барынан тағы хабардар етеді. «XIX ғасыр аяғы мен XX ғасыр басында Қазақ даласындағы исламды Алма Қыраубайқызы «Қазақ ренессансының қайнары» деп атаған. Себебі 1912 жылы бір ғана Алматының маңында 288 мешіт, 175 имам, 14 молда, 84 қадым медресесі, 27 жәдиттік медресе болған. Жоңғар шапқыншылығы кезінде жойылған мешіт-медреселер қалпына келіп, қайта жандана бастаған кез еді. Мұны «Сопылық өрлеу» кезеңі деп те атайды. Себебі әрбір мешіт-медресенің діни сауаты өте жоғары ишан, ахундар отыратын. Кейбір қазақ ишандарының мүриді 10-15 мыңға дейін жеткен. Ишандардың бәрі де медреселерде білім алатын» деп айтады.

Н.Остроумов 1912 жылы Түркістан өңірінде 7290 мектеп, 376 медресе болған дейді. Ал өлкелік әкімшіліктің 1912 жылғы есебі Түркістанда 6022 мектеп, 445 медресе болғанын көрсетеді. Оның әрқайсысында жыл сайын 200-ге жуық шәкірт оқып шығатын болған. 1917 жылы «Қазақ» газеті Уфадағы «Ғалия» медресесін 154 қазақ бітіріп шықты деп жар салған. Медреседе білім алып шыққандарға ахун, ишан, абыз, дамолла, қалпе, молда сияқты діни атақ беретін. Медреседе дін ілімімен қатар, астрономия, химия, география, физика, математика, биология, медицина пәндерін де оқытатын. Білім алып шыққан молда арабша сауат ашумен қатар, жұртты емдеп, жұлдызға қарап күн райын болжай беретін» дейді.

Осы еңбекте «Қазан, Ташкент, Омбы, Орынбор баспаларынан діни қиссаларды, аңыз-хикаяларды назира дәстүрімен қайта жырлау дәстүрі қарқын алғанын айтады. Сол заманда кітаптардың 90 пайызы діни қисса түрінде болған. Тарихшы Ж.Шалғынбаевтың дерегінше, революцияға дейін 854 кітап басылып шыққан. Жалпы тиражының өзі 2251840 кітапты құраған. Оның өзі цензурадан өткендері ғана, әйтпесе Қазан қаласындағы баспаханаларға 2259 қолжазба түссе, соның 563-ін ғана басуға рұқсат берген» деген дерек береді.

«1925 жылға дейін Қазақстанда діни жандану шыңына жеткен. Сол кезде қазақтардың 90 пайыздан астамы діни сауатты еді» деген дерек қызылдардың қызыл сөзін мүлдем жоққа шығарады («Ясауи феномені» кітабынан алынды).

Алайда жетпіс жыл жасаған құдайсыздар заманы дегенін істеді. Халық ағартушыларын қудалап, мешіт-медреселерді жермен-жексен етті. Әйтсе де, осыншама зор ілімнің қайнарынан сусындағандардың қуғын-сүргіннен аманы болды ма, әлде осыншама өркениет түгелдей жойылып кетті ме деген ой жадымда жүретін.

Осыдан біраз жыл бұрын астаналық мешіттердің бірінің бас имамы Яхия қажы Исмаиловпен кездескенімде, «Ташкентте діни оқу бітіріп келген бетімде жолдамамен Жезқазған қаласындағы мешітке қызметке кірдім. Мешітті ашқан әрі алғашқы имамы да Мұхамедия ақсақалдың дүниеден өткеніне бес жылдай болған екен. Ол кісінің отбасында болып, атамыздан қалған көп кітаптарды оқып, имамның үлкен ілім иесі екенін білдім» деді. Сөз арасында Мұхамедия Байменовтің құдайсыздардың дәуірлеп тұрған заманында кеңестік одақтың кедергілерінен аттап өтіп, Жезқазғанда тұңғыш рет мешіт ашқанын әңгімелеп берді. Есімі ел аузында жүрген тұлғаның әкесінің ерлікке балауға болатын тағдырына біздің қызығушылығымыз осылай басталып еді.

***Мұхамедия Байменов (Баймұхамедұлы)***

«1902 жылы Орынбор облысы Торғай уезі Қызылжыңғыл болысы Білеуті өзені бойында дүниеге келіп, 1984 жылы Жезқазған облысы, Жезқазған қаласында қайтыс болды. Дін қайраткері. Әкесі Уайсұлы Баймұхаммед (Баймен аталып кеткен) арабша білімі бар кісі болған. Шешесі Достәуірқызы Рахия да арабша білімді болған. Мұхамедия 14 жасына дейін ауылда өз атасы Уайс қажыдан, Әубәкір қажыдан, әкесі Баймұхамед молдадан арабша білім алған. 14 жасынан 22 жасына дейін Қарнақ медресесінде, Жаңақорғанның Ақтас мешітіндегі медреседе оқып, оларды үздік бітірген. Араб, парсы, шағатай тілдерін білген. 1937 жылға дейін ауылы Өзгентте араб тілінен сабақ берген. 1937-1941 жылдары Жезқазған ауданы төлқұжат столының бастығы, 1941 жылы Ұлытау ауданы қаржы бөлімінің бастығы, 1944-1949 жылдары осы ауданда тұтынушылар қоғамының басқарма төрағасы қызметін атқарған. 1949 жылдан Қарсақбай темір жол стансасында еңбек етті. Сол жерден зейнеткерлікке шықты. Ендігі өмірін Алланың ақ жолын, мұсылмандықты, ислам өркениетін түсіндіріп, насихаттауға арнады. Мұсылман жамағатының қасиетті Құранға көзін ашып, ораза ұстауға, намазға, шариғат жолына ұйытты. Атеистердің айла-шарғы, қитұрқы әрекеттеріне қарамастан, сенімінен қайтпады. Өмірінде бес уақыт намазын қаза етпеген. Төрт жыл бойы партия, кеңес органдарына хат жазып, босағасын тоздырып, кеңес заңына сәйкес Жезқазғанда мешіт ашуға рұқсат сұраумен болды. Нәтижесінде 1983 жылы 6 мамырда Жезқазған топырағында алғашқы мешіт ашылды. Мұхамедия қожа діни бірлестіктің жиналысында тұңғыш ашылған Жезқазған мешітінің имамдығына сайланды. Осы шағын діни-рухани шаңырақтың негізінде Жезқазғанда қазіргі мешіт құрылды». Ұлытау энциклопедиясында жазылған Мұхамедия Байменов туралы қысқаша жазба осы ғана.

– Әкем кеңес заманының қыспағын көрген қайраткер болды. Ғұмырында екі рет репрессияға ұшыраған екен. Оның біз біреуін ғана білдік, – деп еске алды Әлихан Мұхамедияұлы Байменов. – Ол өмірінде көп оқыған, қазақ, орыс, араб, парсы, шағатай тілдерін білген еді. 20-жылдардың ортасына дейін оқумен айналысқан. Отызыншы жылдары ірі байлар кәнпескеленіп, үкімет орташаларды құрығына ала бастаған кезде Мұхамедия қуғынға ұшырайды. Кейінен іс-қағаздарды көтерткенде, орташа дәулеттілердің дүние-мүлкін тәркілерде (өзіне, отбасына жететін азық-түлігін өздеріне қалдыру керек деп айтқаны үшін жазықты болады. Ал 1949 жылы аудандық тұтынушылар одағының басшысы қызметінде жүріп, ауданның бірінші хатшысының жұмысын сынайды. Өз ойын айтып, әділетсіздікті көрсеткені үшін тағы да қуғындалады. Хатшы да қарап қалмай, бір күннің ішінде арыз ұйымдастырып, партиядан шығарып, үстінен іс қозғап қызметтен айырады. Бір жыл ақиқат іздеп жүргенмен әкемді еш жерге жұмысқа алмай, ақыры Қарсақбайда теміржол жұмысшысы болып жұмысқа кіріседі.

Енді бір қызығы, сол жолы әкемнің үстінен арыз жазған адам сексенінші жылдың басында дүниеден өтті.



Өтерінен бір ай бұрын әкемнен сіздің үстіңізден арызды мен жазып едім деп кешірім сұрап, хат жазып баласын жібереді. Және «өлгенімде жаназамды шығарыңыз» деп өтінішін айтады. Әкем: «Алла берген жасын жасасын, жағдай болып жатса, өтінішін орындаймын. Бірақ мен сол отызыншы жылды сол кездері-ақ кешіргенмін» деп жауап береді. «Кісінің қатесін кешіру – біздің парызымыз, біреуге қайырымдылық таныту да терең парыз» деген еді.

Кешірімдіктің тағы белгісі дейін, сол кісінің балаларын біздер таныдық, бірге өстік. Сонда қиянаттың кімнен келгенін біліп тұрса да отыз жыл бойында әкем біздерді оның балаларына қарсы қоймай, арамыз бұзылмасын деп тіс жарып ештеңе айтпағандығы еді. Ең бастысы, бір әрекеті сонша жыл бойына жанын жеген арыз иесінің жағдайына қарағанда, оның ауыртпалығын отыз жыл бойына арқалап жүрмеген әкемнің ірілігіне таң қаламын.

***Мешіт қалай ашылды?***

– Әкем мешіт ашуға дайындық ісін 1976-77 жылдары бастады. Кейін қарасам, шіркеу ашу үшін тек республика деңгейінде рұқсат алып аша береді екен. Ал ислам орталығын ашу үшін Мәскеудегі КСРО-ның Орталық комитетінің рұқсаты қажет болған. Бұл дегеніміз бүкіл облыстың, қаланың коммунистік партия ұйымының идеологиясына нұсқан келтіретін қара таңба, үлкен кемшілік болып саналған.

Осы оқиғадан отыз жыл өткенде жекжатымыз облыстың идеологиялық комитетін басқарған Сағындық Сүйінұлы: «Әкең хатын алып келеді облыстан, бізге «29 күн қарайсыңдар, отызыншы күні бір үтір, нүктесінен қате тауып қайтарасыңдар» деген жоғарыдан пәрмен келеді. Сөйтіп бір жарым жылда 15-16 рет қайтарған болармыз» деп еді. Оған әкей ашуланбай, шамданбай, ертесіне қатесін түзетіп тағы алып келеді ғой. Ақыры не істерін білмей, Қауіпсіздік комитетіне тапсырма беріп, бұған қарсы шығатын адам табыңдар деп әкеме қарсы әрекет ұйымдастырған-ды» деп Әлихан Мұхамедияұлы еске алады. – Менің есімде қалғаны, арадағы хат-қағаздардың бәрі әпкем Зейнураның қолымен жазылатын. Жазуы жақсы еді. Алайда әкейдің сауатты әрі табанды әрекетіне қарсы тұруға өкіметтің қауқары қалмайды.

Ол үшін сол уақыттағы заң бойынша 100 адамды мұсылман қауымы ретінде тіркеуі тиіс. Заң бойынша бірінші рұқсатты қалалық атқару комитетінде береді. Одан облыстағы дін істері жөніндегі уәкіл, одан облыстағы атқару комитеті шешімі шығады екен. Одан кейін Қазақстан дін істері уәкілінің рұқсатын алып, Ташкенттегі мүфтияттың оң шешімінен соң КСРО дін істері уәкілінің соңғы кесімі керек. Оның шешімі шыққан соң Өзбекстандағы мүфтият мөр дайындап, рұқсат береді. Оған тағы төрт жылы кетті.

Мешіт тіркелгеннен кейін жамағатымен бірге арнайы қор ашқызып, орталай жинаған қаражат жинап Дайрабай деген кісінің үйін сатып алып, әкем азан шақырып, жамағатын намазға ұйытты. Бұл – теңдесі жоқ оқиға. Кеңес дәуірінде барлық мешіттер жабылып болғанда, табаны күректей төрт жыл күресіп жүріп, қайраткерлігінің арқасында жаңа мешіт ашуға қол жеткізді.

***Қарамолданың шәкірті***

– Әрине, әкенің өнегесі мәңгіге қалады ғой. Оның тағдырына тағы бір айналып соққаным мына оқиғаға байланысты еді. 60-жылдары менен үлкен ағаларым Алматыға оқуға кеткенде, әкем марқұмның: «Қалтай деген ағаларың бар, реті келгенде, амандасып тұрыңдар. Әкесі мен оқыған медреседе сабақ берген» деп айтып отыратын. Араға біраз жыл салғанда «Ақжолтай Ағыбай» деп атап кеткен батыр бабамыздың 190 жылдығына орай Қарағанды облысы Шет ауданының Таятқаншұнақ деген жерінде үлкен ас берілетін болып, ұйымдастыру шараларының басы-қасында жүрген кезім. Тойдан кейін Қалтай Мұхамеджанов ағамызбен Жезқазған қаласына дейін бірге келіп, жол-жөнекей сұхбаттас болдым. Қалағаң ата-тегімді біліп, әкем жайлы мағлұматтарды қызыға сұрап: «Мұхамедия ағамыздың көзі тірісінде кездеспегеніміз-ай» деп өкініш білдірді. Әкеміз 1914 жылдардан бастап біраз жыл Қарнақ, Шорнақ және Ақтаста оқыған болса керек, сол тұстарда Қалағаңның әкесі «Қарамолда» аталып кеткен Мұхамеджан Нұрекеұлы (1988-1937) Жаңақорғандағы Айқожа ишанға салдырған «Ақтас» мешітінің бас имамы болғанын, шәкірттерге дәріс бергенінің шет жағасын білуші едім.

Діни білімнің орталығы болған қазіргі Жаңақорғандағы Ақтас мешіті 1882-1884 жылдары салынған. Оны Айқожа ишан дүниеден өткен соң 25 жылдан кейін Атамағзұм салдырыпты. Ақтас мешіт-медресесінде Абдірасул дамулла, Айтжан дамулла «Әбубакір қарының әкесі, Мұхамеджан дамулла (белгілі жазушы Қалтай Мұхамеджановтың әкесі) дәріс берген».

Әкейдің парсы, араб, шағатай тілдерін жақсы білетінін байқау үшін 1984 жылы Мәскеуден арнайы араб-парсы тілдеріндегі газеттерді ала келгенде, «Мені тексеріп отырсың ба?» деп күлген. Қарнақ, Ақтас медреселерінде және Бұхарада оқып келген әкей шариғат пен ғылымды араб тілінде, әдебиетті парсы тілінде, сопылық ілімді және жергілікті ғылымға байланысты еңбектерді шағатай тілінде оқыдық деп айтатын.

Былтыр Ұлттық кітапханаға әкейдің кітаптарынан біреуін алып тапсырдым. Ол былайша айтқанда осы



өңірдегі биология сияқты оқулық екен. Әрбір жануар мен жәндіктің, өсімдіктердің сипаттамасы мен оларды қандай жағдайда ем ретінде пайдаланатыны, қандай қасиеті бары жазылған екен-деп ойына алды асылдың сынығындай Әлихан ағамыз.

***Кемел парасаттың иесі***

Исламда ахлақи тәрбие туралы көп айтылады. Білуімізше, ахлақи тәрбиені алған кісілер барынша кішік жүрсе де, шоқтығы биік қалпында көрінеді екен. Олардың діндар, тақуалығына қоса өз сеніміне берік, құлшылығына аса құнтты келеді. Ахлақты кісілерде жауапкершілік, әділдік сезімі басым болады. Жүрегі кең, бауырмал, дінге, елге, жерге және отанға жанашыр болады. Кемел жаратылысынан да, алған білімінен де Мұхамедия Баймұхамедұлы ақырғы демі біткенше сол қалпынан ажырамағанына, өз биігінен төмендемегеніне көзіміз жетті.

– Мешіт ашылып, жамағаты жиып, рухани орталыққа қолы жеткенде әкем өзін бақытты сезініп жүрді. Қатарластары Әбілқасым, Иманәлі деген замандастары бастаған өз ортасы болды. Олардың өздері жария болмаса да намазын қаза етпегендер, ораза тұтып, айтта құрбан шалып, бір-бірлеріне мейман болып сыйласқан үзеңгілестері еді. Әкем басқалардан діни білім артық болса да алға шықпаған жан. Бірақ айналасындағы болып жатқан өзгерістерге шариғатқа сүйене, атеистерді де қарсы қоймай алтын ортасын тауып шешім шығаратын. Соның бір мысалы, алпысыншы жылдары Жезді, Қарсақбайда үлкен айтыс болып, ет комбинатында сойылған малдың етін жеу керек пе, жоқ па деген сұрақ елді екіге бөлді. Әкей олардың бәрін басып, «Көбіңіз ауылда тұратындарыңыз бар, мал ұстайтындарыңыз бар, алайда қалада шахтерлер, жұмысшылардың қолында ұстайтын малы жоқ, ондаған мың адамдар, оларға адал бауыздалған етті кім әкеліп береді? Одан да біз сұрақты басқаша қоялық. Комбинатта ірі қара мен ұсақ малдардан басқа ол жерде бөтен жануар сойылмасын деген талап қоялық» деген шешімге тоқтады.

Әрине, халық арасынан шыққан беделді адамдар үнемі өкіметтің назарында жүреді. Бір-біріне айдап салу арқылы да қысып, екінші жағынан діни қайраткерлерді жолынан айнытамыз деген оймен философия, тарих саласының мамандарын облыстық партия комитетінің лекторларын жіберіп, пікірталас жүргізетін. Олар бір, бір жарым сағаттай әңгімелескеннен кейін өз сөздерінен жаңылып, әкемізге тәнті болып кететін.

Әкем діндарлығы үшін көрсетілген қысымды күшейткісі келмеді ме, әлде ағынға қарсы жүзгісі келмеді ме, өмірінде дем салып, ішірткі жазып кісі емдеген емес. Тек бір рет баласы ауырған ананың сөзін қимай емдегені есімде бар. Кейіннен естіп жатырмын, әлде әзілдеп пе, не басқа ойы болды ма, әлдебіреулер ішімдіктен ауырған адамды әкеме жіберіпті. Әкем үндемей, қағазға арабша жазып, әлгінің тісіне бастырып жібереді ғой. Артынан сауаттылары оқып қараса, «неден ауырдың – содан жазыл» деген сөзді араб қарпімен жазған екен. Тағы бір қасиеті – жай қарап отырмайтын. Қолынан кітабы не газеті түспейтін.

Бірде дәліздің шамы жанып тұр, түн ортасында ұйқымнан оянсам, дәлізде әкем кітап оқып отыр екен. Екі көзінен парлап аққан жасты көріп, сұрасам: «Пайғамбарымызға қандай қиянат көрсеткен» деп жүрегімен тебіреніп отыр. Бұл бірінші рет оқып отырған кітабы емес. Сонда мені таңғалдырғаны, қайта-қайта оқыса да пайғамбарымызға (с.ғ.с.) деген шексіз құрметі мен шынайы сүйіспеншілігінің көзінен жас болып ағып бетін жуып жатқаны еді. Әншейінде діні қатты ішкі сезімін сыртқа білдіре бермейтін жанның пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) ауыр тағдырын оқығанда жүрегі қиналып, бар мейірімі көздің тамшысына айналуы үшін оны бар жан дүниесімен түсіне білуі үшін қаншалықты ілім мен сенім керек.

***Қырық парызын қаза етпеген***

– Әкемнің 82 жасында қайтыс боларына дейін маңдайы сәждеде болды. Осы күнгі молдалардан бала кезімізден таныс «қырық парыз» деген сөздің мағынасын сұрасам көбі хабарсыз. Ондай жоқ дейді. Құранда жазылмағанмен, халыққа негізгі ислам қағидаларын жеткізуге бағытталған, рухани кемелденуіне, ұлттық дәстүрімен ұштастырған бұл ережелердің артығы жоқ еді. Айтпағым, парыздың бесеуі намазда, екеуі иманда десе, енді бірінде парыз өмір бойы оқып үйрену деп көрсеткен. Адамгершілік, ізгілік, жауапкершілік, адалдық бастауларына құранмен ұштастырып, қарапайым адамға түсінікті ережелер жинағы деуге де болады. Бұл дін үшін жаңалық емес, тарихтан белгілі Мартен Лютер христиан дінінде жалпыға түсінікті болу үшін өзінің тезистерін жазғаны белгілі. Біздің бабаларымыз да дініміздің қырық парызын халыққа жеткізуге талпынған. Менің айтпағым, XIX ғасырдағы білім беру жүйесі зерттелуі керек.

XX ғасырдың басындағы білім беру жүйесі, қандай пәндерді оқытылғанын, олардың дәрежесі мен деңгейі толық зерттеліп арнайы басылым етіп шығарылса, сонда ол ортаның Алаш қозғалысына, халықтың дүниетанымына қосқан үлесі мен сол кездегі қоғамдағы маңызына баға берілер еді.

Қазақ жеріндегі медреселердің ішінде Шаяндағы Аппақ ишан мешіт-медресесі, Айқожа ишан мешіт-медресесі және қазіргі Қармақшыдағы Қалжан ахун медресесінің бағыты да, орны да ерекше. Мұнда діntану, дүниетану, өзін тану біртұтас оқытылған. Түркіиман – шағатай тілінде Ясауи жолының әдебі оқытылуының сыры сонда. Математика, жағрапия, ботаника мен зоология, жұлдызнама дүниетануға біріктірілсе, діндердің тарихы – «тарауих аднан» оқытылып, шәкірттерді жоғары деңгейде даярлаған екен. Мұны теолог-ғалымдар растап отыр. Осы жүйені жоққа шығару үшін «қараңғы болды» деген тезисті енгізді ғой. Ол қарағылықты араб қарпінен латынға ауыстырып «жылдамдатты». Сол тезисті ақтап алу үшін үйінен бір бет арабша жазылған қағаз табылғандар қуғындалды. Отбасымызда төрт сандық кітапты Білеуті жақтағы бір жерге көмуге мәжбүр болады. Нағашы атам да білімді кісі болған, әкем екеуі отыз шақты аса құнды деп тапқан кітапты жасырып пайдаланып, білімнен қол үзбеген, – дейді жақсының жалғасы.

Өлімде де ғибрат бар. Ерекше жаратылған жан бақилыққа аттанарында да асқан сабырлылық танытты. Өсиет айтып, айналасын жинамайды, жақындарының дегбірін алып, о дүниелік сапарды өзі үшін де, жақындары үшін де қияметке айналдырмады. Сол кезде Мәскеудің аспирантурасына жолдама алып келген Әлихан баласының қуанышына көлеңке түсірмей, оның нашарлап жатқан әкесіне қарайлағанын қаламай: «Мен үшін өмірдің қызығынан өз тірліктеріңнен қалмаңдар» деп, соңғы деміне дейін жақындарының тілегін тілеп жатыпты. «Алланың бұйрығы келген күні бәрі болады. Екі келтіріп әуремелеңдер» деп, алыстағы ағайындары хал сұрағанда «жағдайы жақсы» деп айтуды тапсырыпты. Осылайша жақының жанына қаяу түсірмей көне мектептің ақырғы шәкірті, ұмытылған құндылықтарымыздың соңғы шырақшысындай болған Мұхамедия (Баймұхамедұлы) Байменов ешкімге салмақ салмай, жаны қиналғанын да тірі жанға сездірмей, Алланың дидарына аттанып кетеді.

*Дайындаған* **Айгүл УАЙСОВА**

24 СӘУІР – РАМАЗАН АЙЫНЫҢ БІРІНШІ КҮНІ

# ТАРАУЫҚ НАМАЗЫ МЕШІТТЕРДЕ ЖАМАҒАТПЕН ОҚЫЛМАЙДЫ



**Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы Президент жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінде тікелей эфирде өткен брифингте қасиетті Рамазан айының басталатын күнін мәлімдеді.**

Имандылық үлгілері

– Қазақстан мұсыл-мандары діни басқармасы еліміздегі іргелі зерттеу орталықтарының бірі болып табылатын В.Г.Фесенков атындағы «Ұлттық ғарыштық зерттеулер мен технологиялар орталығы» мекемесінің ғылыми мәліметіне сүйеніп, сондай-ақ, көрші Өзбекстан және Қырғызстан мұсылмандары діни басқармаларымен кеңесіп, Рамазан айының басталатын күнін белгіледі. Шариғат үкімі мен ғылыми зерттеу жұмысының қорытындысына сәйкес, мұсылмандар асыға күтетін Рамазан айы биыл елімізде 24 сәуір күні басталады деген шешім қабылданды, – деп атап өтті ҚМДБ төрағасы Наурызбай қажы Тағанұлы.

Сондай-ақ, Бас мүфти еліміздегі төтенше жағдайға байланысты қасиетті Рамазан айында індеттің таралуының алдын алу мақсатында карантин мерзімінде тарауық намазы мешіттерде жамағатпен оқылмайтынын мәлімдеді.

– Тарауық намазы мешіттерде жамағатпен оқылмайды. Әркім тарауық намазын өз шаңырағында отбасы мүшелерімен оқуына кеңес береміз. Біз осылай оқшаулану арқылы жұқпалы індетті жеңеміз. Жұқпалы індеттің таралуының алдын алу мақсатында мешіттерде, дәмханаларда, қоғамдық орындарда т.б. мекемелерде жиналып ауызашар беруді уақытша тоқтатуға шақырамыз.

Сондықтан карантин күндері:

1. Әркім өз шаңырағында отбасы мүшелерімен ауызашар өткізуге;

2. Көпшілік орындарда (дәмхана, мейрамхана т.б.) жиналмауға үндейміз.

Қазіргі жағдайға қарай ораза ұстаған адамдарға ауыз ашар беруде мейрамханаларға тапсырыс беріп, ауызы берік адамдарға тамақ тарату, әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға азық-түлік тарату арқылы ауыз аштыру, ауызашарға жұмсалатын шығындарды ораза ұстаған адамдарға қаржылай беру сияқты қайырлы амалдарды жүзеге асыруға шақырамыз, – деп атап өтті Наурызбай қажы Тағанұлы.

Брифингте Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы карантин кезінде кімдерге ораза ұстамаса болатынын мәлімдеді.

– Шариғат бойынша балиғатқа толған, ақыл-есі дұрыс әрбір мұсылманға Рамазан айында ораза ұстау – парыз. Алайда, жолаушыларға, сырқаттанған немесе денсаулығы нашар адамдар ауруының асқынуынан қауіптенсе және сенімді дәрігер ұзақ уақыт бойы ашығудан денсаулығы күрт нашарлап кетуі мүмкін деген шешім қабылдаса, сондай-ақ жүкті немесе омырауда баласы бар әйелдерге ораза тұтуды кейінге қалдыруға шариғат рұқсат береді, – деді ҚМДБ төрағасы Наурызбай қажы Тағанұлы.

# ҮЙДЕН ШЫҚПАЙ-АҚ ӨЗІҢІЗДІҢ ЖЕКЕ МӘЛІМЕТТЕРІҢІЗГЕ ҚАЛАЙ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУГЕ БОЛАДЫ?

Тұтынушылар арасында онлайн-қызметтерді алу танымалдығы артып келеді. Бұл өте ыңғайлы және ел үкіметі коронавирусқа қарсы күрес аясында қабылдаған карантиндік шараларға байланысты ерекше өзекті болып отыр.

БЖЗҚ-да салымшыларға (алушыларға) электрондық форматта, яғни кеңселерге бару қажеттілігінсіз қызмет көрсетудің енгізілгеніне де бірнеше жыл болып қалды және бұл бастама сәттілікпен жалғасын табуда.

Айта кету керек, 2018 жылы «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры (БЖЗҚ) салымшысының (алушының) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат беру» қызметі Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің тапсырысы бойынша «САНДЖ» зерттеу компаниясы жүргізген мемлекеттік қызметтердің қоғамдық мониторингі нәтижелері бойынша үздік бестікке кірді. Осы зерттеу БЖЗҚ сайтын, оның ыңғайлы интерфейсін, ауысу жылдамдығын және ақпараттың қазақ және орыс тілдерінде болуын жоғары бағалады.

Қордың барлық операцияларының 80%-дан астамы онлайн арқылы жасалады. Мысалы, Жеке кабинетте тіркеліп, ЖЗШ-дан үзінді көшірме алуға және өзіңіздің жинақтарыңызды онлайн бақылауға болады, сондай-ақ, өзіңіздің ұялы телефоныңызға жүктеп алған болсаңыз, БЖЗҚ-ның ұялы қосымшасы арқылы да бұл қызметтерге оңай қол жеткізе аласыз. Жеке кабинетте бірнеше рет басу арқылы Сіз зейнетақы активтері бойынша ағымдағы көрсеткіштерді, шарттардың деректемелерін және көптеген басқа да мәліметтерді көре аласыз. «Жеке кабинет»сервисін:

1) БЖЗҚ-ның www.enpf.kz сайтында және ұялы қосымшада авторланудың электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) немесе өзінің ЖСН мен паролін енгізу сияқты екі тәсілі арқылы қолдануға болады, жоғарыда көрсетілген тәсілдермен авторланғаннан кейін, саусақ ізінің көмегіне (бар болса) жүгіне аласыз;

2) www.egov.kz электрондық үкімет сайтында ЭЦҚ немесе бір реттік парольді пайдалану арқылы тұтыну мүмкіндігі бар.

ЭЦҚ-ны электрондық үкімет порталында еш қиындықсыз-ақ онлайн арқылы алуға болады.

Мысалы, өз деректемелеріне өзгерістер енгізгісі келетін салымшыларға (алушыларға) сайттағы «Электрондық сервистер» бөліміне кіріп, онда «Деректемелерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу» бөлімін табу қажет. Сіздің алдыңызда әрекет алгоритмі толық сипатталған бейне нұсқаулық ашылады. Оларды басшылыққа ала отырып, пошталық немесе электрондық мекенжай, телефон нөмірі тәрізді байланыс ақпаратыңызға өзгерістер енгізуге және (немесе) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат алу тәсілін өзгертуге болады.

БЖЗҚ-да міндетті зейнетақы жарналарын есепке алып отыратын жеке зейнетақы шотын ашпағандар үшін 2019 жылдың 08 қаңтарынан бастап БЖЗҚ-ға алғашқы жарна түскен, оның ішінде бірыңғай жиынтық төлемді аударған кезде жоғарыда аталған шот автоматты түрде ашылатынын ескертіп өткеннің еш артықтығы жоқ. Бұл ретте жеке тұлғаны сәйкестендіру жарнаны аудару кезінде көрсетілген дербес деректері бойынша жүзеге асырылады. БЖЗҚ басқа барлық қажетті мәліметтерді (жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың деректемелері, тұрақты тұратын жері және т.б.) Қазақстан Республикасы заңнамасының ережесіне сәйкес Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Жеке тұлғалар» мемлекеттік деректер қорынан алады.

# «ЕҢБЕК ЖОЛЫ» АЙМАҚТЫҚ БАЙҚАУЫНА ҚАТЫСУҒА ӨТІНІМДЕР ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛҒАНЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қарағанды облысының еңбек инспекциясы жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесі облыс тұрғындары мен жұмыс берушілерін және облыс кәсіпкерлерін Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі «Еңбек жолы» байқауының басталуы жөнінде хабарлайды.

Осыған байланысты облыстың қалалары мен аудандарында еңбек адамдарына құрмет көрсетуге, еңбек әулеттеріне, облыстың дамуына елеулі еңбек сіңірген отандастардың жетістіктеріне арналған іс-шаралар өткізілетін болады.

Кәсіпорындардың барлық қызметкерлері (салаға қарамастан) «Еңбек жолы» байқауына қатыса алады.

Байқаудың аймақтық және республикалық кезеңдеріне қатысу тегін.

Байқау 3 номинация бойынша өткізіледі:

1) «Ең үздік еңбек әулеті» аталымы (номинация)

Бұл номинацияда ең көп жұмыс тәжірибесі бар ең көп әулет, ең көп наградалармен және барлық меншік түріндегі ұйымдарда жұмыс істейтіндер таңдап алынды.

**Ескерту:**

Еңбек әулеті – осы ұйымда жұмыс істейтін және осы кәсіпорында кемінде 20 жыл еңбек өтілі бар бір отбасының екі немесе одан да көп ұрпақтарын (балалар немесе немерелері бар бір немесе екі жұбайы) білдіретін бір ұйым қызметкерлерінің тобы. Әулет басшысының бұрынғы еңбек қызметін бастаған еңбек әулетінің өкілі.

Еңбек әулеті ауылдың, ауданның (қаланың, облыстың) қоғамдық өміріне белсенді қатысуға, жастардың кәсіптік бағдарлануына жәрдемдесуге, өз мамандығын насихаттауға тиіс.

2) «Үздік жас өндіріс қызметкері» аталымы (номинация)

Бұл номинацияда 5 жылдан аспайтын жұмыс өтілі бар ең белсенді және еңбекқор өндірістік қызметкер таңдалады;

3) «Еңбек етуші жастардың тәлімгері» аталымы ( номинациясы).

Бұл номинацияда ең кем дегенде 20 жыл жұмыс тәжірибесі бар ең жоғары тиімді тәлімгер таңдалды.

«Еңбек жолы» аймақтық кезеңі байқауына қатысуға үміткерлерден өтінімдер қабылдау ағымдағы жылдың 20 сәуіріне дейін.

Облыстық комиссия «Еңбек Жолы» аймақтық кезеңі байқауының жеңімпаздарын ағымдағы жылдың 05 мамырға дейін анықтайды.

«Еңбек жолы» байқауына қатысу тәртібі мен ережелері туралы толық ақпаратты Сіз, **8 (7212) 30 25 24** байланыс телефоны арқылы және **«Қарағанды облысының еңбек инспекциясы жөніндегі басқармасы» ММ, Қарағанды облысының қалалары мен аудандары әкімдерінің аппараттары сайттарынан ала аласыз.**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ САУДА ЖӘНЕ ИНТЕГРАЦИЯ МИНИСТРЛІГІ**

*№ 63-НҚ Нұр-Сұлтан қаласы*

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІ**

*№ 23 Нұр-Сұлтан қаласы*

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ МИНИСТРЛІГІ**

*2020 жылғы «03» сәуір* *№ 113 Нұр-Сұлтан қаласы*

## «Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына шекті бөлшек сауда бағаларын енгізу туралы» БІРЛЕСКЕН БҰЙРЫҚ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 21 наурыздағы № 133 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы халқының үздіксіз тыныс-тіршілігін және экономикасын қамтамасыз ету үшін қажетті азық-түлік және басқа да тауарларға шекті бағаларды белгілеу тәртібінің 11-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Қазақстан Республикасында төтенше жағдай қолданылатын кезеңде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына шекті бөлшек сауда бағалары осы бірлескен бұйрыққа қосымшаға сәйкес енгізілсін.

2. Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Ішкі сауда департаменті:

1) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау тиісті бағыт қажетекшілік ететін Қазақстан Республикасының сауда және интеграция, ауылшаруашылығы, ұлттық экономика вице-министрлеріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

**Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрі Б. СҰЛТАНОВ**

**Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрі С. ОМАРОВ**

**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрі Р. ДӘЛЕНОВ**

*Бірлескен бұйрыққақосымша*

**Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына шекті бөлшек бағалары**

| | Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарының атауы | Әкімшілік-аумақтық бірліктің атауы | Шекті баға,теңге* |
|---|---|---|---|
| 1. | Бірінші сортты бидай ұны,килограмм | Жезқазған қ. | 140 |
| 2. | Бірінші сортты ұннан жасалған бидай наны (пішінді),килограмм | Жезқазған қ. | 160 |
| 3. | Рожки (өлшеніп салынатын), килограмм | Жезқазған қ. | 215 |
| 4. | Қарақұмық жармасы (дән, өлшеніп салынатын), килограмм | Жезқазған қ. | 320 |
| 5. | Тазартылған күріш (домалақ дәнді, өлшеніп салынатын), килограмм | Жезқазған қ. | 297 |
| 6. | Сиыр еті (сүйекті жауырын-төс бөлігі), килограмм | Жезқазған қ. | 1898 |
| 7. | Тауық жұмыртқасы (I санатты), ондық | Жезқазған қ. | 310 |
| 8. | Күнбағыс майы, килограмм | Жезқазған қ. | 395 |
| 9. | Ас тұзы («Экстра»-дан басқа), килограмм | Жезқазған қ. | 55 |

*Ескерту:*
** Төтенше жағдайды қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комиссияның 2020 жылғы 26 наурыздағы № 6 отырысының хаттамасына сәйкес мақұлданды*

БҮГІНГІ КҮН ТАҚЫРЫБЫНА

# ЖАЛҒЫЗДЫҚ – СУИЦИДТІҢ БІРДЕН-БІР СЕБЕБІ

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының дерегінше Қазақстан әлем елдері ішінде суицидтің саны жағынан үшінші орында. Әсіресе, біздің елде жасөспірімдер мен жастардың арасындағы өзін-өзі өлтіру, қол салу оқиғалары кез-келген басқа елден үш есе көп екен. Ал, енді бұл пайымды нақты цифрлармен дәйектейтін болсақ, Бас прокуратураның мәліметі бойынша 2019 жылы суицид салдарынан кәмелетке толмаған 180 қазақстандық жастың өмірі қыршын қиылса, тағы 351-і мына өмірмен қош айтыспақ болған. Енді өзін-өзі өлтіргендерді жынысына қарай жіктейтін болсақ, ер балалардың саны басымырақ. Былтыр 121 ұл қайтыс болған. Жезқазған қаласында жағдай еліміздің өзге аймақтарына қарағанда салыстармалы түрде жақсы. 2019 жылдың қорытындысы сәйкес Жезқазған қаласының полиция департаментінде жасөспірімдер арасындағы 5 суицид тіркелген. Дегенмен, тәртіп сақшыларының тексеру кезінде екі жағдай қылмыстық құрамы болмағандықтан қысқартылған. Осы ретте суицид проблемасының бізге қатысы жоқ дерсіз. Алайда, жезқазғандық психолог мамандар керісінше пікірде. Өмірінің өтпелі кезеңіндегі әрбір жас өзін-өзі өлтіруге оқталмаса да ойлаған деп дабыл қаққан мамандар суицидтің алдын алу маңызды екенін айтады.

– Жасөспірімнің қоғамда өзін-өзі жайлы сезінбеуі, үнемі шеттетілуі, жалғыздық, ата-ана махаббатының жеткіліксіздігі, өзіндік бағалауының төмендігі, ата-ана тарапынан шамадан тыс еркіндік немесе қатал қадағалаудың болуы. Міне, суицидтің негізгі себептері осылар. Қарап отырсаңыз барлық себеп отбасындағы тәрбиеге келіп тіреледі. Баласын ешкімнен кем қылмаймын деп талпынған әке мен шеше материалдық жағдайға баса назар аударып, жасөспірімді не алаңдатып, мазалап жүргеніне бас ауыртқысы жоқ. «Тамағы тоқ, көйлегі көк, сабағы бес баламда қандай проблема бар дерсің» деп бейқамдыққа салыну үлкен қателік. Менің жұмыс тәжірибемде баласының көңіл күйін сұрамайтын, немен шұғылданып жүргенінде шаруасы жоқ, баласына «Мен сені жақсы көремін!» деген сөздерді мүлдем айтпайтын, достарының кім екенін, нені ұнатып, нені ұнатпайтыны жайлы білмейтін, баламен дос, сырлас секілді қарым-қатынас жасамайтын ата-аналар кездесті. Осы ата-аналардың балалары көп жағдайда ішіндегі сырын бөлісетін, жағдайын түсінетін, қолдау көрсететін тыңдаушы іздейді. Сол кезде жанына жақын адам табылмаса, тығырыққа тығылып, өз проблемасымен бетпе-бет келген жас қиыншылықтан құтылудың жолы ретінде өлімді таңдайды – деп суицидтің себебі мен салдары жайында сөз қозғаған мектеп психологі (аты-жөні мен мектеп атауы құпия сақталған) бір оқу жылының өзінде сауалнама көмегімен суицидке бейім 15 оқушыны анықтайтындарын айтты. Жасөспірімді әңгімеге тартып, оны ойынан айнытуды көздеген мамандар ата-ананың да көмегін ауадай қажетсінеді.

– Өзіне қол жұмсау себептерінің 30 пайызы пси-хикалық патологияға байланысты, ал қалған 70 пайызы қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық тұрақсыздықтың кесірінен болады. Күйзеліс пен дағдарыс кезеңінде өзіне қол салу оқиғалары жиілейді. Ата-аналар бала-шағаның қамы-мен күні-түні жұмыс істейді. Менің қабылдауымда болғандардың айтуынша, олар әке-шешесін күн ұзаққа көрмейді. Таңның атысымен жұмысқа асыққан әке мен шеше кешкісін үйге сүріне жетеді. Бауыр еті баласына қарауға мұршасы жоқ олар осылайша ұл-қызынан алыстай береді, – деген маман өз-өзіне қол жұмсау фактілері әдетте көктем айларында жиілей түсетінін алға тартып, өз-өзіне қол жұмсауға бейім жасөспірімді іс-әрекетінен тануға болатынын айтты.

– Бірде еден жуушы апай сыныптардың бірінен «мен өлемін» деген хатты тауып алған. Аталған қағазда суицидтің күні де көрсетілген екен. Қауіпті сигналды дереу тексеруге кірісіп, бұл кабинетте сабақ оқыған әр баланы бақылауға алдық. Оқушылардың психологиялық портретін жасадық. Осылайша, суицид жасамақ болған күдікті қызды таптық. Оны сөйлесуге шақырғанда күдігіміз расталды. Ағыл-тегіл жылаған қыздың суицидке оқталуының себебі ата-анасың ажырасуында жатқанын білдік. Анасымен бірлесе жұмыс істеудің нәтижесінде біз сол қыздың өмірге қайта құштар еттік. Ал, бұл сигнал елеусіз қалғанда, не болатынын ойлаудың өзі қорқынышты, - деді психолог.

Ендеше, өзіне-өзі қол жұмсауға бекінген жасөспірімнің белгілерімен таныс болғайсыз. Бұл балалар іштей тұйықталып, оқшауланғысы келіп тұрады, әлеуметтік ортадан қашқақтайды, мінез-құлқында өзгерістер байқалады. Мектептегі үлгерімі төмендеп, сабақ оқуға зауқы болмайды, ашуызаға берілгіш, ұйқысы қанбай сабақ үстінде қалғып-шұлғып отырады. Ал ұйқысы бұзылған және тәбетінде өзгерістері бар адамның күйзеліске түсуінің белгілері болады. Үнемі өзін-өзі кінәлап, ештенеге көңіл бөлмей, үсті-басына алқам-салқам қарайды. «Мен бұл өмірден



шаршадым», «Мүлдем өмір сүргім келмейді», «Мені жайыма қалдырыңдар» деген секілді өмір құндылығын жоққа шығаратын тура немесе жанама түрде бағытталған іс-әрекеттері мен сөздерінен байқауға болады. Алдыңғы суицидтік әрекеттің белгілері денесін тілген іздер, дәрі-дәрімек жинау, психикаға әсер ететін заттарды қолдануы да қауіпті болуы мүмкін.

– Көп жағдайда ата-ана баласының суицидке оқталғанын біле тұра, жасырады. Үйдегі мәселені сыртқа шығарғысы келмеген олар «абайсызда қолын кесіп алды» не болмаса «дәріні дәрумен шатыстырды» деп ақталып жатады. Бұл, әрине, дұрыс емес. Мәселені ашық айту арқылы ғана қайғылы жағдайды алдын алуға болады. Сондықтан, мен ата-аналарды «Бас жарылса, бөрік ішінде» деген ұстанымнан аулақ болуға шақырамын. Өзін-өзі өлтіруге бір оқталған жас мәселенің түбегейлі шешпесе ертең тағы да бұл қадамға баратыны анық, – деп өзінің еңбек өтіліндегі 12 жылды жасөспірімдерге арнаған Жезқазған қа-ласының ювеналды полиция қызметінің аға инспекторы Жан-сәуле Құрманбаева жезқазғандық жастар арасында дәрі-дәр-мекпен улану деректері басым екенін мәлімдеді. Және былтыр өзіне қол жұмсаған үш жастың үшеуінде де бұл қадамға бармас бұрын отбасылық проблемалары болған. Біреуі ата-ана тарапынан қолдау таппаса, екіншілеріне отбасының қиын материалдық жағдайы әсер еткен көрінеді.

Баланың суицидтік көңіл-күйін алдын алу үшін психолог мамандар ата-аналар жасөспіріммен ашық сырласуы қажет деген пікірде. Сонымен қатар, сенімнің болуы да аса маңызды. Арада сенім бар кезде орын алған ұрыс-керіс, түсінбеушілік ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасқа сызат түсіре алмайды. Осы ретте «Баланы бес жасқа дейін хандай құрметте, он бес жасқа дейін құлындай жұмса, он бестен кейін досыңдай сырлас» деген халық даналығы еске түседі. Шынында, әр ата-ана баласын тұлға санап, оны өзімен тең көріп, ол көмек пен қолдауға зәру болған уақытта жадынан табыла қалғанда ғана көзінің ағы мен қарасын шалыс қадам жасаудан сақтамақ. Осылайша, қоғамдағы өткір мәселе жасөспірімдер арасындағы суицидтің түбіне балта шабылмаса да, көрсеткіші аз да болса төмендер еді.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

ЖАҢА ЕСІМ

# «ҚАЛАУЫН ТАПСА ҚАР ЖАНАР»

**Кез келген үлкен іс шағын тірліктерден басталары ақиқат. Жай ғана достарыммен бірге тамақтанып отырып, «Өзге үлкен қалалардығыдай осындай сэндвич кәсібімен неге Жезқазғанда да айналыспасқа?» деген студент ойы кейіннен шынымен де шындыққа айналып, өз нәсібін осы кәсіптен табарын Диар СЕЙДІҒАЛИЕВ те ойламаған болатын.**



Мектеп жасынан боксқа қызығушылық танытқан Диар былғары қолғапты сенімді серігіне айналдырып, талай бәсекелерде жүлделі орындарға да ие болып жүрді. Аталмыш білім ошағын бітіре салысымен 2014 жылы Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің заңгер мамандығына оқуға тапсырған ол білікті прокурор болсам деген арманмен еліміздің өнеркәсіп астанасына аттанды. Жастарды жаңа қырынан танытуға бейім жоғары оқу орны табалдырығында Диар 4 жыл білім алып, осы шаһардан өзінің алғашқы еңбек жолын заңгердің көмекшісі болып бастайды. Кейіннен туған жері Жезқазғанға оралуды жөн санап, мысты шаһарда банк жүйесімен тығыз байланыста жұмыс істейтін коллекторлық компанияда қызметін жалғастырады.

– Әрине, сот саласына көбі қызығып қарайды. Қазіргі жастардың да басым бөлігі өз мансаптарын заң саласында жасағысы келеді. Ия, бұл мамандықтың ел арасында үлкен абыройға ие екендігі де белгілі. Десек те, қай істің де оңайы жоқ екендігін ескерткім келеді. Университетте өз мамандығымды терең меңгеріп, жан-жақты толыққанды білім алу үшін барынша тырыстым. Озат студенттердің алдыңғы шебінен көрінуге барымды салдым. Бірақ, қай мамандық та теория мен тәжірибе екеуі мүлдем бөлек болатынын ескеру керек. Жоғары курстарда мамандық бойынша іс-тәжірибелерден өттік. Мен сол кездерде заң саласының, әсіресе, сот төрелігі жұмысының оңай еместігін түсіндім. Заңгер өз қорғаушысын қандай жағдай болмасын ақтап алуға тырысады. Ал, соттың жұмысы тіптен қиын. Себебі, сот адамның тағдырына үкім айтады. Заңға бағыну – әрбір ел азаматының борышы. Десек те, адамдардың көбі заңды толыққанды 100 % сақтамайтындығы рас. Шындығында, еш адам өзін соншалықты ғажайып үлгілі, тәртіпті азамат ретінде таныстыра алмайды. Кей жағдайларда адами құндылықтарды пенделік болмыс жеңіп кетіп жатады. Практикадан өтіп жүріп, аяқ киім ұрлағандығы үшін 5 жылдан 10 жылға дейін бас бостандығынан айрылған өзім қатарлы жастарды көріп, көңілім түсіп қалатын. Сотталушының артында анасы, жарлары, бала-шағасы аңырап қалады. Бұны көру тіптен қиын. Бірақ, заңның аты – заң. Заң саласының маманы әділ болуымен қатар салқынқанды болғаны да абзал. Уақыт өте мен өзімнің бұл салаға темірдей қатты тәртіппен, көп нәрсені жүрекке ала бермей, көңіл ауыртар жайттарға көз жұмып қарай алмайтындығымды түсіне бастадым. Осы кезеңдерде менің бұл саладан гөрі бизнес саласына ынтам ауа бастағандығы байқалды. 2018 жылдың қарашасында «Үздік жас кәсіпкер» бизнес жобалар байқауына қатысып грантты ұтып алған болатынмын. Бірақ, ол металл бұйымдар саласындағы жоба болды. Сөйтіп, күндердің күнінде бір кондитерлік фирманың сэндвичке керекті нанын сатып алып, үйден сынап көруге бел будым. Үйге келген соң нанның ортасына қажетті қоспаларды өзім жасап, сэндвич істедім. Алдымен, өзім жеп көрдім. Маған бұл сэндвичтің дәмі ұнады. Сонымен, әлгі кондитерлік фирмамен келісімшартқа жасасып, күніне 30 нан бөлкесін сатып алуға уәделестім. Міне, «Диар» сэндвичтері осылай 30 түйірден басталды. Осы отызын алып, үйдің жанындағы 3 дүкенге тараттым. Біртіндеп отызы өте бастады. Бұл кездерде маған сэндвичтерді жасауға анам мен қарындасым қолғабыс етіп жүрді. Бәрі оп-оңай менің сэндвичтерімді талап алып кетті дей алмаймын. Көп дүкендер сэндвичтерді алудан бас тартты. Кейде таңертең ұйқыңды қимай қаласың, кейде бәрі бас тартып жатқанда еңсең түсіп қалады. Бірақ, бастысы – алға ұмтыла беру керек екен. Талабың болса, тауды да қопаруға болатындығана көзім жетті, – дейді ол.

Бүгінде күніне 30 сэндвичтен басталған өнімі 1500-ге дейін артқан Диардан кәсібінің өсуі үшін қандай тәсілдерді қолдану керектігін де сұрап сөзге тарттық.

– Әрине, жас балаға сеніп, оның өнімін дереу қабылдайтындар аз. Алғашқыда сенбестік басым болады. 91-орамдағы 3 дүкенмен бүкіл қала тұрғындарына өз өнімімді ұсыну мүмкін еместігі белгілі. Ойлана келе, қала орталығындағы тұтынушысы көп, 24 сағат бойы қызмет көрсететін «Базет» дүкеніне сэндвичтерімді өткізуім керек деген ой туындады. Әрине, бұл дүкеннің менің сэндвичтерімді оңайлықпен қабылдай қоймайтынын да жақсы түсіндім. Сөйттім де бір амалын таптым. Өзімнің бірер достарымды, кейде, оқушы балаларды әлгі дүкенге жіберіп, «Диар» сэндвичтерін сұратқызатынмын. Алғашында, бұл сэндвичтерден мүлдем бейхабар дүкен иелері «Ол не қылған сэндвичтер?» деп тосырқай қарайды. Кейіннен, күнделікті сұраушылар көбейе түсті. Әрине, оларды мен жібердім. Бірнеше күннен соң «Базетке» өзім барып, бизнестік ұсыныс жасадым. Сұраушылар бар екендігін білетін олар, менің сэндвичтерімді тіптен келісімшарт жасаспай-ақ, бірден қабылдады. Міне, қай істің де негізгі әдіс-тәсілдерін меңгеріп алсаңыз оңайға түседі. Кейіннен, сұраныс өсті. Үйден істеу тиімсіз болды. Осылайша «Диар» сэндвичтерін дайындайтын арнайы орын ашуға тура келді. Бүгінде ол жерде 5 сэндвич жасаушы, 2 тасымалдаушы еңбек етуде, – деген Диар Сейдіғалиев екінші кәсібін де ашып үлгерді.

Бұл жолғысы – аяқкиім бизнесі. Алаша хан көшесі бойында ашылған жаңа сауда үйінің екінші қабатында орналасқан аяқ киім бутигі. Ресей Федерациясынан әкелінетін аяқкиімдердің де өз тұтынушылары бар. Қос кәсіпті қатар алып, дөңгелетіп отырған жас кәсіпкер Диар өз қатарластары мен барша ниетті жандарға алдында кездескен қиындықтарға жасымай, мақсатына жеткенше талмай еңбек етуге кеңес береді.

# ҚОЛӨНЕРДІ КӘСІП ЕТКЕН

**«Ел іші – өнер кеніші» дегендей, қалың қазақ ортасында он саусағынан өнер тамған шеберлерде мол болған. Ағаштан түйін түйген шеберлер қай кезде де ерекше сый-құрметті. Бүгінде көп дүние ағаштан гөрі металл, шыны, пластмасса сынды материалдардан жасалатын болды. Десек те, ұлттық өнер, оның ішінде, қолөнер ешқашан ұмытылмасы ақиқат.**



Соңғы кездері қазақ қоғамында ағаш бұйымдар, әсіресе, ұлттық нақыштағы ыдыс-аяқтар сәнге айналып келеді. Олардың бағасы да айтарлықтай арзан емес. Бұл ыдыстармен үйіңіздегі отананы ғана қуантып қоймайсыз. Сондай-ақ, ерекше құнды сыйлық ретінде сый-тарағы қылсаңыз да абыройыңыз артып, мерейіңіз өсіп қалары сөзсіз. Ал енді «Бұл ағаш ыдыстарды қайдан алуға болады?» деген сұрақ туындары сөзсіз.

Алысқа арбалап, ұзаққа шапқылаудың жөні жоқ. Себебі, ағаштан түрлі ұлттық бұйымдарды жасайтын шебер біздің қаламызда да бар. Ол – 17 жасар **Аманкелді АНИХАНОВ.**

– Халқымыз «Әке көрген оқ жонар» деп жайдан жай айтпаған ғой. Менде ағаштан бұйымдар жасауды әкем Бейсенбайдан үйрендім. Шындығына келер болсақ, біздің әулетіміз бұл кәсіппен ежелден айналысып келе жатқан, бұл өнердің қыр-сырын көптен зерделеген отбасы емес. Ата-бабамыздың арасында әйгілі шеберлер де болмаған. Тек әкемнің бала күнінен осы ағаш ұсталығына ерекше қызыққандығы болмаса. Соған қарамастан бойында азды-көпті шеберлігі бар, – дейді Аманкелді.

Айтуынша бұл кәсіпті бастағандарына да көп болмаған.

– Менің ағаш бұйымдарын жасауымның өзі аяқ астынан басталған-ды. Себебі, өткен жылы отбасымызда қуанышты жағдай болып, ағам келін түсірді. Қазақ деген тойшыл жұртпыз ғой. Сонымен, тойға қызу дайындық басталды. Бәріңізге белгілі, тойда тойтабақ деген бар. Ата-анам «Тойтабаққа не берсек екен?» деп ойланып жүрген. Кенеттен әкем, ағаштан ұлттық нақыштағы түрлі кәдесыйлар жасайық деген ұсынысын білдірді. Бұл – бір жағынан ерекше болып көрінетіндігі белгілі. Осылай, әкем екеуміз ұлттық ою-өрнектермен безендірілген түрлі пішіндегі кәдесыйлар істеуге тырыстық. Бұл сыйлықтарға тойға келген қонақтарда дән риза болды. Сол кезден бастап менінде осынау ұлттық өнерге деген ықылас-ынтам ауа түсті. Әкем соны байқаса керек. Мені жанына алып ағаштан үйге қажетті астау, кесе, тостаған, ожау, одан әрі шәй үстелдерін, кереуеттер жасауды үйретті. Біртіндеп менде бұл іске төселіп, қызығушылығым арта берді. Бұлардың бір ерекшелігі – экологиялық таза өнім екендігінде. Олар әрі сапалы, денсаулыққа да зияны жоқ және әдемі көрінеді. Ағашты бір қалыпқа келтіріп, одан астау оя салу сырт көзге оңай көрінуі де мүмкін. Бірақ, біздікіндей жасыл желегі аз өңірде ағаштан бұйым жасау деген – қиынның қиыны. Біз көбіне өз бұйымдарымызды ақ қайыңнан жасаймыз. Жезқазғаннан қайың табу – шөп арасынан ине іздегенмен бірдей. Ағашты



иіп, икемдеп, белгілі бір қалыпқа келтірудің өзі бірнеше сатыдан тұрады. Оған ыстық су қажет. Ыстық суға тұз салу керек. Тұздың да нақты мөлшері бар. Мөлшерден сәл ғана асып кетсе, не жетпей қалса бұйымыз дұрыс шықпайды. Негізі, айта берсек әдіс-тәсілдері өте көп. Олардың барлығын бірте-бірте меңгеріп жатырмын. Бізде қазір ағаш оюға арналған арнайы станоктар жоқ. Бәрін қолымызбен ойып істейміз. Кәдімгі қарапайым құрылғыларды пайдаланамыз. Өзіміз тұратын үйдің артынан кішкене цех түрінде жеке бөлмеміз бар. Сол жерде жұмыс істейміз. Бұл жұмыстан қыруар қаржы тауып жатырмыз дей алмаймын. Десек те, азды-көпті өз шығынын жабуға жетеді. Бастысы – ақша емес, бастысы – ұлттық өнердің жойылмауы, – дейді Аманкелді.

Биыл №11 ЖОББМ-нің 11-сыныбын бітіргелі отырған Аманкелді болашағын осы ағаш ұсталығымен байланыстырмақ ниетте. Осы жұмысты жеке кәсіп ретінде тіркеп, одан әрі жандандыруды көздеген жас шебер ұлттық өнермен ұлтымызды, ұлтымыздың ұлылығын қалың жұртқа жария етіп, жолбасшы әкесіне жемісін жегізгісі келеді.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ – ІЗГІ ІС



**Еріктілер – өз Отанының нағыз патриоттары. Олар – айналасына шын жанашыр, өскелең ұрпаққа үлгі.**

Бүгінгі таңда Жезқазған қаласында еріктілер қатары күн сайын артуда. Олар түрлі акцияларға қатысып, мұқтаж жандарға, қоғамға өз пайдаларын тигізіп және әлеуметтік мәселелердің шешімін жылдам табуға ықпал жасауда. Жезқазғандық волонтерлардың жұмысы, әсіресе, елімізге енгізілген төтенше жағдай кезінде қарқынды жүруде. Олар күн-түн демей көмекке мұқтаж жандардың қасынан табылуда. Қала кәсіпкерлерімен бірлесе қайырымдылық шараларын жиі өткізуде.

Осы уақытқа дейін 300-дей мұқтаж жанға қала кәсіпкерлерінің қолдауымен азық-түлік себеттері берілді. Сондай-ақ, волонтерларымыз мүмкіндігі шектеулі жандар мен қарияларға дүкеннен керек заттарын және дәрі-дәрмегін жеткізіп беруде. Осы орайда Бекзат Алтынбеков, Марғұлан Молдашев, Абай Байділдаев, Қайсар Бимұратов, Бауыржан Мұқышев, Сабыржан Тембаев, Луиза Минбаева, Сәкен Қайратов, Қанатбек Зертүймеев, Саят Балмағамбетов, Айгерім Тобаш, Айтжан Аққошқаров, Мира Бәкібаева, Бақытжан Маханов, Жанар Маханова, Толқын Балқыбева, Бақытжан Бейсенбаев, Алламұрат Жораев, Александр Диллер, Абай Бағчай, Ғалия Әбдіғаппарова, Күнсұлу Даниярқызы, Айгерім Тыныбекова, Лаура Байдосова, Ыдырыс Қозайдаров сияқты нағыз патриот, жомарт жандардың есімдерін айтай өткен абзал.

Осындай игі істердің ұйымдастырушысы, әрі әр істің басы-қасында жүретін «Жезқазған қаласы ішкі саясат бөлімінің жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ұжымы белсенділік танытуда. Жезқазған қаласындағы Анарқұлов көшесі 7-үйде орналасқан «Балжан» дүкенінен қала еріктілерінің ұйытқы болуымен қайырымдылық сөресі ашылған болатын. Бүгінгі таңда бұл сөреден күнделікті тұрмысқа қажетті азық-түліктер үзілген жоқ. Жақында «Қазақмыс» корпорациясы» ЖСШ әлеуметтік еңбек қатынастарын реттеу басқармасының басшысы Сабыржан Тембаев, «JASTAR BOLASHAQ» жастар одағы қоғамдық бірлестігі төрағасының орынбасары Сәкен Қайратұлы қайырымдылық сөресін азық-түлікпен толтырды. Сонымен қатар, жоғарыда есімі аталған азаматтар қаладан шыға берістегі блок-постағы елдің қауіпсіздігі үшін аяқтарынан тік тұрып қызмет атқарып тұрған құзырлы мекеме қызметкерлеріне ыстық шәй мен дәмді ас ұсынды. Алдағы уақытта да еріктілер елге көмек қолын созып, қайырымдылық істеріне белсенді араласа бермек. Жезқазғандық еріктілердің еңбектері еленіп, ескерусіз қалмайтынына бек сенімдіміз.

**Ізтөлеу ТҮСІПОВ**







«SARYARQA» ГАЗЕТІН ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ДЕ ОҚИ ЖҮРІҢІЗ!

FACEBOOK.COM/SARYARQAGAZETI/
T.ME/SARYARQA/
@SARYARQA_GAZETI
WHATSAPP + 7 708 420 19 88




«SARYARQA» АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІНЕ 2020 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖАЛҒАСУДА

*Құрметті оқырман!*

Жезқазған-Ұлытау аймағының ақпарат айнасы «Saryarqa» газетіне 2020 жылға жазылу жалғасатынын хабарлаймыз. Газетке жазылу бағасы мен шарттары өзгерген жоқ, барлығы – жылдағыдай.

Газетке 10 айға жазылу бағасы

*Жеке тұлғалар үшін*

Мекенжайға жеткізіп беру – 3300 теңге;

Редакциядан келіп алу – 2500 теңге;

*Заңды тұлғалар үшін*

Мекенжайға жеткізіп беру – 5800 теңге;

Редакциядан келіп алу – 5000 теңге.

*Қосымша ақпарат үшін байланыс телефондары:*

*8 7102 71 00 55, 77 50 25*